

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.

Мағжан

АҚМЕШІТ

ЖАСТАРЫ

№ 41 (526)
12 қазан, 2023 жыл



Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті



Президент – Сыр елінде

Апта басында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс сапарымен Сыр өңіріне келді. Іс-сапар барысында облыстың даму динамикасын айғақтаған бірнеше кәсіпорын жұмысымен танысып, ілкімді бастамаларды саралады. Өсіресе ұлттық құндылыққа негізделген қадамдарға оң бағасын беріп, еңбек адамдарымен жүздескеніне куә болды.

Президент алдымен облыс көлемінде жүзеге асып жатқан жобалармен танысты. «Қорқыт ата» әуежайының терминалы, жылу электр орталығының жобасы және «Қызылорда – Жезқазған» автожолын салу барысына қанықты. Өзбір істің жүйелі аяқталуын тапсырған Президент аталған автожолды кеңейтуді міндеттесе, жылу электр орталығының энергетикалық қауіпсіздік тұрғысындағы маңызына тоқталды.

Кезекті сапар темірбетон бұйымдары және «Алтын орда» күрші және «Ассоль»

тұз өндіру зауыттарында жалғасты. Мекеме жұмысымен танысқан Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпкерлермен кездесіп, мемлекет тарапынан шағын және орта бизнесті өркендетуге жан-жақты қолдау көрсететінін айтты.

Айта кету керек, аталған зауыттар өнімділігі жағынан аймақтағы алдыңғы қатарлы кәсіпорын санатында. Мәселен, темірбетон бұйымдары комбинаты күніне 200 текше метр өнім өндірсе, «Алтын орда» зауыты жылына 30 мың тонна ақталған күрші дайындауға қауқарлы.

Өз кезегінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өңірдің тыныс-тіршілігін түлетуге жергілікті кәсіпкерлер елеулі үлес қосып жатқанын айтты. Өлеуметтік нысандар салу, демалыс саябақтарын, ойын-спорт алаңдарын, үйлердің қасбеттерін жаңарту, аулаларды абаттандыру жұмыстары демеушілердің көмегімен жүзеге асырылып жатқанын жеткізді.

Мемлекет басшысының сапарында ерекше есте қалған оқиға – еңбек адамдарымен жүздесуі. Президент өткен жылы бой көтерген «Еңбек аллехсында» еңбек адамдарымен жүздесіп, пікір алмасты. Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылорда облысының дамуына баса мән беретінін атап, күрделі геосаяси ахуал кезеңінде Қазақстанның өркендеуі жолында бірлік танытуға шақырды.

Диқандар ауыл шаруашылығының дамуына айрықша мән беріп, мемлекет тарапынан қолдау шараларын көбейткені үшін Президентке алғыс айтты. Өсіресе Су ресурстары және ирригация министрлігін құру жөніндегі жаңалықты Сыр бойының диқандары қуана қабылдағанын жеткізді. Сонымен қатар олар ауылда жастарға жайлы жағдай жасалғанына, жас мамандардың ел ішінде қызу еңбек етіп жатқанына тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев жастардың

еңбекқор, ұқыпты, отансүйгіш болу керек екенін және оларға әрқашан қолдау көрсетілетінін атап өтті.

– Ауылда жастардың жұмыс істеуіне, өмір сүруіне қолайлы жағдай жасалған. Осындай ауылдарды көбейтуіміз керек. Оған шамамыз да, қаражатымыз да жетеді. Кәсіпкерлермен кездескенімде елді мекендерге қаржы салып, көмектесу керек деп үнемі айтып келемін. Нағи Ілиясов басқа ауылдарға да үлгі болуы қажет. Сондықтан өзге облыстар да ауылдарды осылай дамытады деп ойлаймын, – деді Президент.

P.S. Сонымен қатар Мемлекет басшысы жақында бой көтерген «Анаға тағзым» орталығы мен Қазақстандағы ең үздік елді мекеннің бірі – Нағи Ілиясов ауылына да ат басын бұрды. Ұлттық құндылық пен ауылды дамытуға бағытталған жұмыстарға оң бағасын беріп, тағылымды жұмыс өзге өңірлерге үлгі болатынына сенім білдірді.



Өрт пен суды айтпағанда, қара жолда жермен жексен ететін апат аз емес. Айдың күннің аманында төрт дөңгелектің тайқуы, яки өзге көлікпен тіресіп қаларлық қауіп жиі кездеседі. Амандық пен ажал апаңы таразыға түскенде тез жететін құтқарушылардың еңбегі ерлікпен пара-пар. Ауыр халдегі адамның күйін көзбен көріп, өмір сыйлауға ұмтылатын өрлігі қошеметке лайық. Қиын да күрделі саланың жай-жапсары жалпақ жұртты таңқалдыратыны анық. Осы орайда облыстық ТЖД жедел құтқару жасағының құтқарушысы Берікбол Жетебаев жұмысы жайында баяндап берді.



Жүрек тұсына арматура қадалған адамды құтқардық. Жол-көлік оқиғасы әртүрлі болады. Қай-қайсысының да қиындығына мойымай, міндетті мінсіз орындау басты мақсатымыз. Мұны тек қызметтік борыш емес, азаматтық парызым деп ұғынамын. Бір кездері автокөлік жанармай бекетінің қоршауына соғып, жүргізушінің жүрек тұсына арматура кірген болатын. Өлбетте құтқарушыға қарап тұруға, бөгелуге уақыт жоқ. Тез арада әрекет етіп, істің шешімін табу маңызды. Сондықтан гидравликалық және спредер құралдың көмегімен арматурды кесіп алып, жарақаттанған адамды

Көлік металының өзі мыжылады. Тосыннан төнетін қауіп пен айтып келмейтін апат орын алғанда тез арада адамды құтқаруға асығамыз. Бізге жүктелген жауапкершілік пен негізгі міндетіміз де осы. Адамға көмек беру қаныма сіңген қасиет. Бала күнінен құтқарушы «мықты болу керек» деген ұстаныммен спортпен шұғылданып, өзімді жетілдірдім десем де болады. Сондықтан қалаған мамандығыма машықтанып, қызметімді абыроймен атқарып жүргеніме қуанамын. Апаттан адамды аман сақтап, дер уақытында құтқара алсақ, миссиямыздың орындалғаны. Қазіргі таңда еңбек өтіліме – 4 жыл. Осы уақыт ішінде түрлі құтқару операциясына қатысып, қауіп пен қатердің бел ортасында жүрмін. Темір тұлпар бір-бірімен тіресіп, ойда-жоқта оқыс оқиға орын алады. Мұндай жағдайда көлік металына дейін мыжылып, адамға зақым келеді. Өрине, майысқан темір-терсек арасынан жарақаттанған адамды шығару оңай емес. Хабар түскен сәттен жылдам барып, алдымен жағдайды анықтаймыз. Көлікте қысылып,

Қара жолдағы құтқарушы

ауруханаға апардық. Осылайша жүргізушіні өлімнен арашалап қалдық. Сонда дәрігерлер дер уақытында келгенімізді, сәл кешіксе жағдай қиындайтынын айтқан еді. Апаттың салдары қашан да ауыр болады. Қайғылы оқиғаның қабырғаны қайыстыратыны белгілі. Сондай жайттың бәрін көз алдымнан өткіземін. Екі көліктің ортасында адам қалып қояды немесе қорқынышпен айқайлап жататындар бар. Мұның бәрі оңай емес. Кейде қатты соққыдан есін жия алмай, ішек-қарны ақтарылып қалатын сәттер де болады. Дей тұрғанмен қолымыздан келгенше көмек беруге тырысамыз. Жантүршігерлік оқиғалар төбеден мұздай су құйып жібергендей өн-бойымызды шымырлатып жібереді. Дегенмен, құтқарушы болғандықтан барлық жағдайға дайын боламыз.

Төтенше жағдайға 1 минутта жиналу керек Адам алдында не боларын білмейді. Табан астынан тығырыққа тіреліп, қауіптен бетпе-бет келуі мүмкін. Сондықтан құтқарушылар құлағына хабар жетсе көп аялдамай, жиналамыз. Сайып келгенде, бұл мамандық иесіне жеделдік пен жылдамдық тән. Шымырлық пен ширақтық танытқанда ғана шешімге сай әрекет ету жеңіл болмақ. Талап пен тәртіпті ескеріп, жұмысты бүге-шүгесіне дейін білгені ләзім. Жалпы төтенше жағдай орнына жедел кезекші бөлімше 1 минутта жиналады. Ал ауқымды төтенше жағдай орын алса, жасақ қызметкерлеріне жиын дабылы беріліп, 1 сағат келемін шығып кетеді. Негізі бір айда шамамен 60-65 төтенше жағдай тіркеледі.

Қаннан қорқатын адам құтқарушы бола алмайды. Құтқарушының тек физикалық емес, психикалық жағынан да мықты

Осыдан біраз уақыт бұрын ақын Ринат Зайытовтың бір өлеңінде «Басқа ұлттардың бәрінде баспана бар, Қазақ қана квартирант боп сорлап жүр» деген жолдар кезіккен еді. Ол өлеңді оқығаныма да он жылдан асып кетті. Десек те баспана мәселесі бас ауруына айналған талай қазақ өлі сол «баяғы жартас, бір жартастың» күйін көшіп жүр. Өткен жылы ресейліктердің жағдайын пайдаланып, сырттан келгендерді төрге оздырғандар теңгесін еселеп төлегендерді пайдасын көрді. Ал баяғы қамсыз қазақ тағы да көшеде қалды. Сайып келгенде пәтер мәселесінің шығаратын ешкім жоқ. Нарық бүйірден қысып, қыспаққа алғанда шымбайына батқан шаруаның баласы ғана. Өзінің меншікті баспанасына қолы жетпей, бәзбіреудің босағасынан сығалап жүр.

болғаны абзал. Оқиға мезетінде өзі мазасызданып, күйзеліске ұшыраса жұмысты әрі қарай алып кетуі екіталай. Бойда сенімділік бекіп, ептілік танытса адам құтқару қолынан келетіні айdan анық. Өрине қан-жоса болған жанды немесе мүрдені көзбен көру оңайға соқпайды. Кейде өзімізге де зақым келеді. Бірақ техникалық қауіпсіздікті сақтай отырып, жұмысты жүргіземіз. Арнайы бас киім, қорғаныш кезілдірігі, қолғап киеміз. Құтқару операциясын жүргізу үшін тез әрекетке көшеміз. Бізде психологиялық тұрғыда сынып қалу деген жоқ. Өйткені маман бар. Өр құтқарушымен байланысып, жаттығу жүргізіп, көмек көрсетеді.

Қысқасы, екінің бірі құтқарушы бола алмайды. Алғашында құтқарушы мамандығын алуға 3 ай беріледі. Осы мерзімде түрлі құтқару жұмыстарына қатысып, мәйітханаға барады. Бірақ шошынып, қаннан қорқып, жүрегі шыдамай қайтып кеткендер аз емес. Жігері жасмайтын, қайсар құтқарушы ғана мамандықтың машақатын сезбейді.

Замира ҚОНЫСЖАН

«Болашақ» халықаралық бағдарламасы жүзеге асқан отыз жылдың ішінде 12 мыңға жуық маман шетелдік жоғары оқу орындарынан білім алып, біліктілігін шыңдады. Олар өз саласы бойынша шетелде алған тәжірибесін бүгінде көдеге жаратып, ел дамуына үлес қосып келеді. Бірақ «таяқтың екі ұшы бар» демекші, аталған жобаға «ғылыми туризм» ретінде қарап, «бағдарламадан бас тарту керек» дейтіндер жоқ емес. Алайда бағдарлама түлегі Арнұр Мұхамбетжанов елдегі білім сапасын халықаралық деңгеймен ұштастыратын бағдарламадан бас тарту негізсіз деп санайды. Кейіпкерімізбен аталған бағдарламаның тиімділігі жайлы ой бөліскен едік.

– Арнұр, халықаралық бағдарламаның мүмкіндігін қалт жібермей, Ұлыбританияда тәжірибе толықтырдыңыз. Алдымен қалай оқуға түскеніңізді айтып берсеңіз... – Ізденіс дамуға бастайды. Сондықтан мен алдымен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университетін есел және аудит мамандығы бойынша аяқтадым, одан әрі білімімді жетілдіру мақсатында С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетін қаржы магистрі мамандығы бойынша тәмамдадым. Магистр дәрежесіне қол жеткізген тұста келешекке жоспарымды тағы бір сүзгіден өткіздім. Алдымен мемлекеттік қызметке орналастым, одан кейін шетелде оқысам деген бала арманыма қол жеткіземін деп шештім. Бұған мемлекеттік қызметшілердің бәсекеге қабілеттілікті арттырып, тәжірибе арттырып отыру міндетін қосыңыз.

«Жалықтың мәселесі – пәтер, мықты болсаң, пәтер әпер!»

Жаңа орта – жаңа трансформация



Көз майын тауысып, табақтай дипломның артынан төрт жыл жүрген талай жан бүгінде сол қатырма қағазды сары сандықтың түбінде сақтап жүр. Ойлағаны бір басқа, қол жеткені тым бөлек. Адам өзінің болашағын күні бұрын қалай білсін?! Жұмырбасты пенде өмір ағымымен жарқын болашаққа барынша талпынады. Десе те, «жүрек қалауымен тандалмаған сала бәрібір қолға түспейді» дейтіндер көп. Бірақ таңдаған мамандығында бәсекеңіз бәсі биік, орын болмай жатқандар қайтпек?! Қалай болғанда да көпшілік мұның барлығын мамандықтар арасындағы баланс пен оқу орындары мен жұмыс орындарында байланыстық болмауынан көреді. Тақырыпты талқы таразысына салдық, оқырман өз бағасын берер?! Төреші – халық.

Кез келген тығырықтан шығар жол болады

Аякөз Тұрсынханқызы:

– Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мамандығын бітірдім. Әрине, осы саланың өкілі болғым келді. Нақты осы пәнді таңдадым. Адам өзі қай салаға бейім соған барады ғой. Толқынға қарсы кім жүзгісі келеді дейсіз?! Университетті бітірген соң жұмысқа орналастым. Бірақ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мамандары өте көп. Қай мектепте де орын тапшы. Жақында мемлекеттің жұмыспен қамтуды көздейтін «Жастар тәжірибесі» бағдарламасымен мектепке орналастым. Бірақ университетке екінші жоғары білім алуға бастауыш сынып мұғалімі мамандығына тапсырып, соны оқып жатырмын. Менің ойымша, адам мына салада жұмыс жоқ, маман көп деп қарап отырмау керек. Білім алған төрт жылда жағдай мүлдем басқа жаққа бұрылып кетуі мүмкін. Кейде тіпті, орын көп, ал кейде орын жоқ. Өйткені, жыл сайын жүздеген, тіпті мыңдаған түлек оқу бітіріп жатыр. Болашақта бастауыш сынып мұғалімі тапшы болуы мүмкін деген талдауға жүгініп, аға буынмен ақылдасып, осылай шештім. Бұл – алғашқы мамандығымды жоққа шығару емес, екі мамандықпен де жұмыс істей беремін, мүмкіндігім де мол болады. Негізі ойлағаным осы. Оқу-білімнің артығы жоқ. Еңбектеніп, жұмыс істеймін деген адамға бағыт табылады. Кез келген тығырықтан шығар жол бар, оны табу үшін іздену керек.

Адам қартайса да, бала күнгі аңсаған мамандығына қадам бастайды

Жүзбай Таңырықбаев:

– Мектеп қабырғасында жүргенімде суретші, әнші, актер да болдым. Абайдың образын сомдаған сәттерім де бар. Бесаспап болдым десем де болады. Салауатты өмір салтын ұстанып, спорттың жеңіл атлетика түрінен жүрген желаяқ болып та танылдым. Бірақ сол кезеңнің мықты мамандықтары жұмысшы мамандығы еді ғой. Әкем «Отын-су таситын шопыр бол» деп политехникумға түсірді. Оқу орнында суретші ретінде танылдым. Бойында өнері бар адам қай кезде де қат қой. Бірақ сол дипломыммен

автобазаларда жұмыс істедім. Мамандыққа адалдығым, оқыған еңбегім бар, оған әкемнің сенімін қосыңыз. Мойында жауапкершілік қамыты тұрғанда басқа жаққа бет бұруға ой да болмады. Сөйтіп жүріп, «Қазақстанның құрметті автокөлікшісі» атағын алып, зейнетке, құрметті еңбек демалысына шықтым. Сан жылғы бейнетімнің зейнетін көріп келемін. Бірақ бала күнгі армандаған мамандығыма оралдым. Бірнеше кітап шығарып үлгердім. Қазір жазушы-журналист ретінде танылдым. Қазақстан Журналистер Одағының мүшесімін. Ата-аналарға айтарым, баланың таңдауына құлақ асып, жақсы көретін мамандығына түсірген жақсы. Таңдау бар кезде, оны пайдаланған жөн. Мен қайда қашсаң да, бала күнгі арманыңдағы мамандықпен түбі қосылуға болатынына көзім жетті. Оған мысал – өзім.

Бірі қызыл, бірі көк. Екеуінен де пайда жоқ

Гүлсім Қойбағарова:

– Басқаларды білмеймін, баламның бір емес, екі дипломы түк кәдеге аспай, сандықта сақталып тұр. Бірі қызыл, бірі көк, екеуінен де пайда жоқ. Мамандығына бейімі бар. Тіпті қатарының алды. Бірақ нанымыз басқа саладан бұйырды. Адам мамандығы бойынша жұмыс табылмаса да, басқа саладан өзінің бағын сынап чкөрген жөн. Өйткені өмірде бәрі де мүмкін. Кедергілерге сүрінбей, алға басу керек.

«Қызылордадан жұмыс таппадым»

Сырым Жаппасбаев:

– Бұрын-соңды мамандығым бойынша жұмыс істеп көрдім. Ол уақытта Алматыда жол полициясында жұмыс істедім. Кейін әке-шешемнің қасына, Қызылорда қаласына келіп, қарашаңырақта тұру керек болды. Ол жақтан бері қарай ауыстырылмайды екен. Амалсыз жұмыстан өз еркіммен шығып, Қызылордадан жұмыс қарадым. Тамыр-таныс жағаладым, онымнан да түк шықпады. Барлық жерге түйіндеме қалдырдым, ол да уақытты текке өткізу болды. Үміттендіріп, бір хабарласпады да жарықтық. Әрине, «құрғақ қасық ауыз жыртады» деген бар. Қазақтың бас ақыны – Абай да өз уақытында «Болыс болдым мінеки, бар малымды шығындап» деген жоқ па?! Қайтейін, басқа саланы таңдауым керек болды. Не де болса, нөлден кәсіп бастасам деп шештім. Осылай логистика саласына ендім де кеттім. Бастапқы капитал үшін несиені алдым. Несібе артып, әйтеуір, нанымды адал тауып, несиені жауып тастадым. Қазір бірнеше жүк көлігім бар. Жүргізушілерім жұмыс істеп жатыр. Тапсырысты өзім табамын. Таза пайдаға еңбек етудеміз. Бір кәсіпті бастасаң, соған қарай екіншісі де қолға алынады ғой. Ойға келіп жүрген бірнеше бағыт бар. Қазір оларды зерттеп жүрмін. «Жеті рет өлшеп, бір рет кес» демекші, ата-анаммен, достарыммен ақылдасып, тіпті сол саламен айналысып жүргендермен де пікірлестім. Жақын арада екінші кәсіптің шымылдығын түремін. Ал дипломым отбасылық архивте тұр. Бәрінен қызығы, өзім жұмыс таппай жүріп, тың идеямен қазір жұмыс берушіге айналдым.

45 жастағы екінші мамандық

Салтанат Сәдуақасова:

– 1992 жылы өңірдегі университетіміздің шығыстану факультетіне түскенмін. Біз бітіретін жылы ол факультет жабылды да, бізді экономистерге қосып жіберді. Алған мамандығым – экономист, шығыстанушы, референт-аудармашы. Бірақ, амал не, қазір алған дипломым шаң басып жатыр. Онымен жұмыс істей алмадым. Экономист болғым келді, бірақ

жолым болмады.

Хабарландырулар

қарап, сол бойынша

біраз мекемеге

бардым. Банкке

де бардым.

Конкурстардан,

тесттен өтіп, соңына

келгенде өтпей қалып

жүрдім. Сөйтсем, сол

баяғы тамыр-таныс, қалтаң

қалың болса деген сияқты...

Осылай жүргенде бағым

жанып, университет

кітапханасына жұмысқа

тұрдым. Осыдан 15 жылдай

бұрын... Кітапханалардың

автоматтандырылып

жатқан кезі. Компьютерді

білетінімнің пайдасы тиіп,

жаңадан ашылған кітапхана

істерін автоматтандыру

бөліміне орналастым.

Осы бөлімде жұмыс істей

жүріп, бағдарламашы

мамандығын бітіріп

алдым. Бұл мамандықтағы

дипломымды кітапханамен

байланыстырып, өзім бастан-

аяқ жазып, өз күшіммен қорғап

шықтым. Қазір университет

кітапханасының электронды

ресурстар бөлімінің

меңгерушісімін.

Атақты Абай секілді

«Ер жеткен соң түспеді

уысыма, қолымды мезгілінен

кеш сермедім» демедім.

Қоғамға бейімделу керек, бір

мамандықтан жолың болмаса,

ешкімнен, ешнәрседен

қорықпай, екінші мамандық

оқып алу керек. Қашанда

бірінші қадам бастау

батылдықты қажет етеді, ал

бірінші қадам бастадың ба,

арғысы оп-оңай.

Министрліктің

жауабы: «Басқа

мамандық оқып ал!

Ермұрат Аманкелдіұлы:

– Қорқыт ата атындағы

Қызылорда университетінің

түлегімін. Валеология

мамандығы бойынша бітірдім.

Біз бітірген жылы мектеп

бағдарламасынан бұл

пәнді түбегейлі алып

тастады. Содан жұмыс

жоқ, қолға дипломды

ұстап, далада қалдық.

Кейін салауатты өмір

салтын қалыптастыру

орталығында бір ай

жұмыс істедім. Иә, иә,

сенесіз бе, бес жыл

оқыған мамандығым

бойынша бар-жоғы бір

ай жұмыс істедім. Ол

жерден де орнымды

таппадым. Мұнан соң

барлық құжаттамаға

сәйкес сол кездегі ҚР

Білім және ғылым

министрлігіне хат

жаздық. Олардан бір ғана

жауап алдым. «Басқа

мамандық оқып ал!». Ал бес

жыл ақылы негізде оқыған

адамды мемлекет осылай

оп-оңай лақтырып тастай сала

ма?!

«Үміт соңынан өледі»

деген бар ғой. Бес жылды

оқуға жұмсадым, бес жыл

үміттеніп, түйіндемедім

арқалап, мекемелерді

араладым. Бәрінің айтатыны:

«Бұл мамандық жарамсыз!».

Мүмкін, тұрақты жұмысқа

орналасу үшін ат мінгізіп,

шапан жабуым керек пе

еді?! Бұл үрдіс әсіресе

Қызылордада жоғары

деңгейде дамыған. Қазір

Теміртау қаласында досымның

жеке мекемесінде көмекші

болып жұмыс істеймін. Бәлкім,

мамандығым бойынша жұмыс

табылғанда Қызылордада

қалатын ба едім, кім білсін?!

Табақтай дипломымыз

сандықтың түбінде сақтаулы,

ал бізге нан мүлдем басқа

саладан бұйырыпты.

«Мамандығым бойынша магистратураны да бітірдім, бірақ жеке кәсіптен орнымды таптым»

Серік Бақытұлы:

– Аймақтағы жоғары білімнің

қара шаңырағы – Қорқыт ата

атындағы Қызылорда университетін

тәмамдадым. Бакалаврдан кейін

магистратураны да оқыдым.

Айтпақшы, ақылы негізде оқыдым.

Оқуға 2013 жылы алған несиемді

2020 жылы екі еселеп, әрең төлеп

аяқтадым. Бакалавриатта кәсіби

оқыту бойынша білім алсам,

магистратурада педагогика бойынша

оқыдым.

Университетте бірге оқыған

достарымның бәрі мұғалім. Мен –

жеке кәсіпкермін. Негізі әке-шешем

бұрыннан саудамен айналысатын.

Мен де отбасылық кәсіпті жалғауға

бел будым. Оның үстіне өзім

еркін жүргенді ұнатамын. Біреуге

бағынышты болғым келмейді. Ал

негізгі сұраққа келсек, дипломның

маған пайдасы болмады. Қазір

кәсібімді әртараптындыруды қолға

ала бастадым.

«Қызылордада таныссыз жұмысқа тұру мүмкін емес»

Жанна Сұлтанова:

– Атынан ат үркетін іргелі

Қорқыт ата атындағы Қызылорда

университетінің колледжінен

алған дипломым сол күйі қалды.

Қызылордада тұрғанда бір мектепке

жұмысқа тұрғым келіп еді, болмады.

Кейін Алматы қаласына қоныс

аударып, осында Абай атындағы

университетті бітіріп алдым.

Айтсам, ешкімнің намысына

тимейтін шығармын, Қызылордада

таныссыз жұмысқа тұру мүмкін емес

екенін мен айтпасам да ел біліп отыр

ғой.

Дипломның қайда жатқаны белгісіз

Наурыз Мәлік:


– Екі дипломым бар. Бірі – эколог,

екіншісі – мемлекеттік және жергілікті

басқару. Қазір ол екеуінің де қайда

жатқанын білмеймін. Басқа саладан

нан бұйырды. Адамның дегені



барлық кезде бола бермейді. Кейде басқа түскенге баспақшыл болуың керек. Бұл үшін біреуді кінәлаудан аулақпын, өмір ағыны өз бағытына салып алады.

Түйін.

Қадірлі оқырман! Мәселенің

барлығы сол бір қатырма қағазға

тіреліп тұрған жоқ. Әлбетте, оқыған

саласы басқа бола тұра қызметте

биікті бағындырып, өмірден өзінің

несібесін теріп жүргендердің мысалы

жетіп артылады. Білім алуға

мектептің берген білімін өмір мектебі

он еселеп, алдыңызға әкеледі.

Бастысы, алға қойған мақсатыңыз

бен мұратыңыз екенін ұмытпаңыз!

Жоғарыда пікір иелерінің жолы әр

алуан. Ал сіздің жолыңыз қандай?

Әрине, әркім – өз өмірінің қожайыны.

Бірақ маңдай терім сіңген дипломым

кәдеге аспады деп, кейімеңіз. Бәлкім,

сізге тағдырдың дайындаған басқа

сыйы бар шығар?! Ең бастысы,

ешқандай диплом берілмейтін

адамдығыңыз мамандығыңыздан

биік тұрсын!

Пікірлерді жинақтаған
Дәулет ҚЫРДАН

Дипломмен қол бос маман көп, кей салада маман жоқ...



„ХАЛЫҚТЫҢ МӘСЕЛЕСІ – ПӘТЕР, МЫҚТЫ БОЛСАҢ, ПӘТЕР ӘПЕР!“

Жалғасы. Басы 1- бетте

Иә, жарнама топтарының қайсыбірін ашсаңыз да ұзақ уақытқа пәтер іздеген жандарды көресіз. Тіпті, кей топтарда жалға пәтер берушілердің жазған бағасын көрсеңіз, жағаңызды ұстайсыз. Әлгіндей топтардың ішіндегі пәтер іздеушінің санында шек жоқ, тіпті, Құдай бетін әрі қылсын, бәрі ауылдан қалаға қашып, тентіреп кеткен бе дерсің?! Ұнжырғасы түскен жұртшылықтың жанайқайы қайдан шығатынын да түсінгендейсің?! Өмірі жылжымайтын үй кезегінен үміт артып жүрген қалың бұқараның арасындағы «еті тірілері» орайын тауып үй алып алғанға ұқсайды. «Жыламаған балаға ештеңе жоқ». Сонда пәтер жалдайтын кім, оны жалға беретін кім?! «Әлеуметтік теңсіздік шиеленісіп барады» деп дабыл қағып жатқандардың әңгімесі рас сияқты ма, қалай?! Қош, әңгіменің түп төркініндегі бұл мәселеге алдағы уақытта қайта

ораламыз. Бүгінгі нысанамыз – пәтердің жалдау құнының шарықтауы.

Таяуда пәтер іздеуші болып, Света есімді кісімен хабарластық. Оның айтуынша, қаланың бірнеше шағын ауданында пәтері бар. Оны жалға беру арқылы ипотеканың құнын өтейді. Бірақ ипотекалық несиеге осынша пәтерді қалай алдыңыз дегенде бір сәт үнсіз қалды да, әңгімесін жалғады. Атын жасыруымызды өтінді. Ағынан жарылған апай мұндағы көп мәселенің ұшын шығарған тәрізді.

– Кәсіп ашу керек, тірлік істеу керек. Амалсыз осыған көштік. Баламның, өзімнің, қызымның, келінімнің атынан алған пәтерлеріміз. Оны да оңай алмадық. Іздендік. Қазір енді пәтерді жалға беріп, несиесінің құнынан бөлек, үстінде де біраз табыс қалады. Қымбаттағаны бізге жақсы болды, бірақ пәтер жағалап шырылдап жүрген де өзіңнің қазағың. Не істейсің енді, күн көру керек. Пәтерді балалы отбасыларға да бере беремін. Көбісі үйдің тоз-

тозын шығарады деп балалы отбасыларға бермейді. Үйлерімді алған отбасылар бірнеше жылдап тұрады. Өзіміз де үйреніп, араласып кетеміз. Тек басқа жаққа

көшіп кетіп жатқанда ғана ауыстырып, жаңа пәтершілерді күтеміз. Осы салада жүріп, бірнеше отбасының үйлі болғанын көрдім. Әлі күнге хабарласып тұрамыз. Қуанышымызды бөлісеміз. Мен екі бөлмелі пәтерлерді таза,

кең, жылы, жайлы үйлерден айына 90 мың мен 150 мың теңге арасында беремін. Оның үстіне орталықта», – дейді кейіпкеріміз.

Пәтер жалдаудың тағы бір түрі – делдалдық жүйе. Үй иесінен бір адам ұзақ мерзімге жалға алады. Мәселен, 150 мың теңгеге делік. Оны тәуліктік, сағаттық пәтерге айналдырады. Мысалы, олар екі сағаттан төменге бермейді. Бұл дегеніңіз ең арзаны 3-4 мың теңгеден 10-15 мың теңгеге дейінгі аралықта. Ал тәуліктік құнды өзіңіз есептей беріңіз. «Әсіресе, іссапарға келгендер алады» дейді қала жұртшылығы. Міне, ұзақ мерзімге айына төлейтін 150 мың теңгенің үстіне, тағы осындай екі көлемді табуға мүмкіндігі бар. Бірақ, күннің ыстығы, түннің салқыны демей, жұмыс істеуге тура келетін көрінеді. Айтпақшы, Өсербаев көшесіндегі жұртшылықтың жанайқайына «осыған дейін шағым жасаған халықтың мәселесін шештік» дегендер «Квартира бюросы» ғимаратын көрмеді ме екен?! Мәселенің шешілгені, осындағы жалдамалы пәтерлерді бір орталыққа шоғырландырумен шектелген секілді... Әлде басқа ма?! Бүгінде бюро барлық бағыттағы пәтерді жалға берумен айналысады. Бәлкім дұрыс, мүмкін жөн емес, кім білсін?!

– Пәтер жалдап жүргенімізге көп болды. Отбасын құрғалы бері пәтердеміз. Бұйыртыса, жақын арада өз үйіміз болып қалатын шығар. Артық киім кимей, артық тамақ ішпей, қыдыруға бір барсақ, келесісінде бармай, азын-аулақ ақша жинадық. Бірақ осы уақыт аралығында, нақты айтқанда 8 жыл бойы пәтерде жүріп, талай адамды көрдік. Тіпті, ауласындағы сыртқы әжетханасында ұзақтау

отырып қалсақ, сыртынан тас шөкелейтіндер де болды. Иә, кейде амалсыз біреудің ауласындағы көне сарайды да паналадық. Адамның басынан не өтпейді?! Қазір қаланың шет аймағында айына 35 мың теңгеге біреудің «времянкасында» тұрып жатырмыз. Үй иелерімен жақсы араласып кеттік. Мұнда тұрып жатқанымызға – 2 жыл. Ипотекаға алайын десең, үстіне қосатын ақшанды ойлап, қынжыласың. Оның қасында пәтерде жүргенің арзанға шығады. Тағы бір қызығы, егер мемлекеттен көмек алайын десең, табысыңды есептеп, «жағдайың керемет» деп кетеді. Ал банкке барып, үй алғың келсе, айлық табысың жетпейді. Елімізде осы жағдайдың барлығы зерттеліп, бір мөлшермен бекітілсе деп ойлаймын, – дейді Әйгерім есімді қала тұрғыны.

Пәтердің машақатын көріп жүргендердің бірі – Ерсултан. Ол інісі, қарындасы үшеуі қаладағы жоғары оқу орнында білім алады. Күндіз білім алады, түнде пәтердің ақысын табу үшін жұмыс істейді. Бірақ пәтер жалдауды әбден меңгеріп алыпты.

– Пәтер жалдау үшін алдымен ақысына қарайсыз. Орталықта 130-150 мыңға дейін шарықтап кетті. Тәуірін айтқанда. Ал орта есеппен 70-80 мыңға табуға болады. Ал 40-50 мыңға шет аймақтан біреудің ауласындағы сарайын жалай аласыз. Арзанға түседі әрине, бірақ ол жақтан орталыққа келіп-кету жолақың да бар. Қоғамдық көліктің жайын өзіңіз де білесіз. Сол себепті, пәтерді неғұрлым орталықтан алуға тырысамыз», – дейді ол.

Жеке-дара болып пәтер іздегендерге қазір үй иесімен бірге тұруға да болады. Ол былайғы багадан арзанырақ


Бірақ қожайынның «отыр, тұры» таусылмайтыны тағы бар. Әлдекімнің қас-қабағына қарап өмір сүрген жанның көп ұзамай «Менен гөрі бақытты-ау, әркімдердің, итаяғын жалаған қара күшік» деп, қолын бір сілтері анық шығар...

Өсербаев көшесі... Осы маңды да шолып шығуды жөн санадық. Дүкенге кіріп, ішіп-жерге қажетті заттар алып қайта шықтық. Кісі күткендей тұр жасап, айналадан жоқ іздегендей болдым. Мұны байқаған бір келіншек қайдан келгенін білмеймін, құлағымның түбінен «Пәтер керек пе?» деп сыбырлады... Ойыма ақын Серік Тұрғынбековтің Алматыдағы «Жетім бұрыш» жайлы өлеңі еске түсе кетті.

Бұл өзі қайдан шыққан «жетім бұрыш», Болғанмен бағытың дөп, бетің дұрыс. Қазақтың өз жері емес, Өз елі емес – Келгендей басқа жақтан секілдіміз. Үй-жайсыз жаздың өзі секілді қыс, Маңдайға әжім түсіп, кетілді тіс. ...Қай күні жер бетінен жоғаларсың, Қазақты қапа қылған «жетім бұрыш»?!

Әйтсе де, «құлға да бір сөз» деген екен. Иен байлықтың үстінде отырған елімізде мұқтаждардың мұңын тыңдап, бір-бір баспана берер күн туар ма екен?! Елдің көкейіндегісі осы. Бірақ «аспаннан шұға жауса да, кейдегі ұлғарақ та бұйырмайды» дегендей, оны да қитұрқы жолмен баспанасы барлан иемденіп алып жатса, таңдануға болмайды ғой. Айтпақшы, ондай жағдайлар жетіп артылады. Тек оны көретін көз керек.

Дәулет ҚЫРДАН



Cable британдық аналитикалық ресурсының мәліметінше, мобильді байланыс деректерінің 1 Гб орташа құны бойынша 233 елдің ішінде бес ең арзан ел – Израиль (0,04 АҚШ доллары), Италия (0,12 АҚШ доллары), Сан-Марино (0,14 АҚШ доллары), Фиджи (0,15 АҚШ доллары) және Үндістан (0,17

АҚШ доллары). Қазақстанда да 1 Гб мобильді интернеттің орташа құны 0,37 АҚШ долларын құрады. Бірақ баға арзан деп көрсетілген, сапа сол баяғы күйінде. Оның үстіне бұған дейін «Қазақстандағы интернет Токиоға қарағанда жақсырақ» деген Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі

Бағдат Мусин жақында елде интернеттің баяу екенін мойындады.

– Қазақстанда сапа мәселесі бар екенін мойындаймын. Қазақстан азаматы ретінде мен де сіз сияқты интернетті пайдаланамын. Менде жеке интернет жоқ. Сондықтан біз операторларға нақты міндеттер қоямыз. Бірақ экономика мәдениеті болу керек. Суды үнемдегендей, мобильді интернетті де үнемдеу маңызды. Интернет – шектеулі ресурс. Себебі базалық станция мобильді құрылғылардың белгілі бір санын қосады. Белгілі бір саннан көп мобильді құрылғы қосылған болса, оған сай байланыс нашарлай бастайды. Ал екінші базалық станцияны орнату үшін қомақты инвестиция қажет, – деді Бағдат Мусин.

Мәліметтерді парақтасақ, елімізде әлі мыңнан астам елді мекен тұрғындары интернетке қол жеткізе алмай отырған көрінеді. Бірақ осы байланыс саласындағы жағдайды жақсарту үшін «Қолжетімді Интернет» ұлттық жобасы әзірленген. Ол ірі қалалардағы интернетті ғана емес, дәл осы шағын ауылдарды да сапалы байланыспен қамтуды көздейді. Мысалы, халық саны 200 мыңнан асатын 1432 ауыл кең жолақты мобильді интернетпен қамтылмаған. Алайда осы ауылдарға оптикалық интернет тарту тәсілі өзгертілмек. «Автожолдағы интернет те жақсарды» деп сендіреді министрлік. Нәтижесінде 17 000 шақырым автожол мобильді интернетпен қамтамасыз етіледі. Биыл Астана, Алматы,

Шымкент және кейбір облыс орталықтарында ұялы байланыстың жаңа буыны 5G енгізу мен дамыту жоспарланған.

Бұған қоса баға мәселесі бар. Бір қызығы, сектордағы баға логикасына сәйкес, ел неғұрлым үлкен болса, қамтуды қамтамасыз ету соғұрлым қымбат болады, бұл өз кезегінде пайдаланушылар үшін интернеттің жоғары түпкілікті құнына әсер етеді. Алайда Қазақстанда жағдай басқаша. Еліміздің кең аумағы, интернет жылдамдығы мен тұтынылатын трафиктің өсуіне байланысты абоненттер үшін түпкілікті баға төмен болып қалуда. Интернет сапасының төмен бағамен өсуі инфрақұрылымның дамуымен және секторға инвестицияның үлкен көлемімен байланысты. Мысалы, Beeline ұялы

осы кезеңдегі шығыны 18,2 млрд теңгені құраған. Заң бойынша министрлік ұялы байланыс операторларының жеке нарығына араласпау керек. Алайда, жағдай жақсармаған соң мемлекеттік орган бақылауды күшейтуге мәжбүр. Президент те интернетпен тікелей байланысты IT саласын қарыштатып дамытуды тапсырды. Өзге салаларда негізгі тауарды құрылғылар өндіріп шығарса, IT саласында оны шығарушы – адам. Сондықтан маман дайындау мәселесі де алға шығып отыр. Ал бағаның шарықтауы бәсекелестіктің жоқтығында дейді мамандар. Яғни, бағаны тұрақтандыру үшін нарыққа тағы да бір желіні шығару керек. Бағдат Мусин де стансалар жеткіліксіз деген еді. Ал ол стансаларды операторлар салу керек. Соған қарағанда 5G-дің ауылы тіпті алыс сияқты. Бірақ бізде бағаның бірден өскені секілді интернет жылдамдығы да жақын арада жақсарды деген үміт өшпейді.

А.СНАДИН




байланыс операторының күрделі шығындары 2022 жылдың тоғыз айында 33,6 млрд теңгеге жеткен. Бұл ретте Kcell-дің



ИНТЕРНЕТ: БАҒА ҚЫМБАТ, САПА НАШАР

Қазақстанда интернет сапасына тағылар сын көп. Ауылдағы ағайынды былай қойғанда қалалықтардың өзі жылдамдығына жүйкесі жұқарады. Ұялы байланыстың жоқтығы, жылдамдықтың төмендігі тұрғындардың әлеуметтік жағдайына, міндетін ойдағыдай атқаруына, жұмысын құлшына істеуіне, балаларының тиісті деңгейде білім алуына кедергі. Туризм, басқа да салалардың дамуына тұсау. «Қалтадағы» мобильді интернет жарық, жылу, су, газ секілді төлемдерді төлеуде де қолғабыс етеді. Тиісінше, мобильді интернеттің құны, басқа да қажетті ресурстар сияқты тұтынушылар үшін маңызды. Ал «айшылық алыс жерлерден көзді ашып-жұмғанша жылдам хабар алғызатын» ұялы байланыстың сапасына қатысты мобильді операторлардың жауабы көңіл көншітпейді. Дегенмен, Қазақстан ең арзан мобильді интернеті бар елдердің қатарында деген дерек бар.



«Тәуіп Хожун» сериалын көрмеген адам кемде-кем шығар. Басты кейіпкеріміз де қолға ілігер-ілікпес кішкене иненің күшімен ағзада асқынған ауруды емдеп жазады. Сырқатты сауықтыру үшін денедегі нүктені дәл тауып, бетін бері қаратуға әрекет етіп жүр. Шығыс медицинасы бізде де дамып келеді. Ине терапиясының игілігін көргендер көп. Беттің қисаюын да қалыпқа келтіретін тәсілі талайды таңқалдырған. Емнің бұл түрі елең еткізген соң тәжірибелі маман Жанна Сырапылқызымен әңгімелесуді жөн көрдік.

Мұндайда әр нүктені дұрыс танып, ем жүргізу асқынған аурудың алдын алады. Өйткені, ине терапиясы ағзаға қауіпсіз. – **Анатомияны меңгермеген маманның акупунктураны игеруі екіталай. Денедегі емдік нүктені дөп баспаса адам өліп кетуі ықтимал. Осыған тоқталсаңыз...** – Әлбетте, «ине салудың



әбден болады. Қысқасы, бұл процедураны қолдану науқастың жас

артатындар жетерлік. Ауру жас ері мезгіл таңдамайтын болғандықтан, әп-сәтте сұлап түсуі мүмкін. Сондықтан асқынбай тұрып амалын тапқан абзал. Компьютер алдында тапжылмай отыратын жұмысбасты адамда бел ері омыртқа аурулары жиі кездеседі.

Альтернативті медицина: акупунктураға анатомияны білу жеткіліксіз

– **Ине терапиясының пайдасы орасан. Жалпы бұған жүгінетін адам көп пе? Осы уақытқа дейін қанша науқастың дертіне дауа таптыңыз?**

– Иә, инемен емдеудің артықшылығы көп. Сайып келгенде, пышақ астына түсіп, күрделі ота жасату қорқыныш пен күмәнді үдететіні рас. Ал диагнозына қарай инемен емдеу әлдеқайда жеңіл болмақ. Шектен тыс дәрі-дәрмекті қолданудың кері әсері бары белгілі. Ал ине терапиясы – отасыз әрі дәрі-дәрмексіз ағзаны қалыпқа келтіретін ем-дом түрі. Жалпы альтернативті медицина көптеген ауруға дәру, иммунитетті қалыптастыратын жүйе. Қытай, Жапония мен Корея елінде қарқынды дамыған. Дененің әр бөлігінде емдік нүктелер бар. Соны ескере отырып, ем жүргізу иненің игілігін көруге негіз. Шығыс медицинасын терең меңгерген адаммын. 30 мыңнан аса науқасты қабылдап, алғысын алдым. Бүгінде инсульт, инфаркт, ми мен жад қызметінің әлсіреуі, жүрек қан тамырлары, тізе буынымен ауыратын егде жастағы адам көп.



жөні осы екен» деп көрінген жерге көлбеңдете беру қисынсыз. Емдік нүктені дұрыс тапқанның өзінде терапия тәсілін тиімді қолдану керек. Ол үшін әр ағза қызметін қаперде ұстап, айрықша мән берген ләзім. Сондықтан бұл сақтық пен жауапкершілікті талап ететін мамандық. Мәселен, жұқпалы және тері аурулары бар науқасты инемен емдеуге болмайды. Қанға түсіп кеткен жағдайда ауру асқынды кетеді. Әсіресе, күрделі ағза саналатын бауырға ине салуда бейжай қарамау қажет. Өйткені, ине тереңірек еніп кетсе, тесіп кету қаупі жоғары. Мұның ағзаға кері әсер ететіні айтпаса да түсінікті. Мойын мен жұлынға да ине терең енсе, адамның өлім кетуі мүмкін. Нәрестенің жетілу кезеңінде, туберкулез, сары ауру, қант диабеті жағдайында ине қойылмайды. Ескеру керек шарты мен қағидамы бар. Тек нүктені айна-қатесіз танып, салыну мөлшерін білсе денені дендеген дертке дауа табуға

ерекшілігіне, диагнозына байланысты.

– **Ашығын айту керек, бір инені бірнеше науқасқа қолданса жұқпалы дерт таралады. Осы қауіпті ойлап жүрексінетіндер жоқ емес. Инені зарарсыздандыру қалай жүргізіледі?**

– Саулыққа салғырт қарамау басты орында. Әрине, көпшіліктің ойында күмән, бойында сенімсіздік болуы мүмкін. Дей тұрғанмен қасаң көзқарасты да жою керек. Науқастың назынан гөрі алғысын арқаалағанымыз бізге де абырой. Талап күшті, тәртіп қатаң. Бәрін бақылауда ұстап, қадағалаймыз. Иненің бәрі дерлік сатып алынады. Сонымен қатар оны бірнеше рет емес, тек бір рет ғана қолданамыз. Яғни бір науқасқа пайдаланған соң, тастаймыз. Сондай-ақ иненің түр-түрі бар. Буын ауруына, бет, жамбас, қуық, омыртқаға салынатын өз өлшеммен инелер бар. Кішкентай бала мен ересек адамға да салынатын ине бөлінеді.

– **Кез келген ота немесе емдік шараларда арнайы тыныштандыратын дәрі егеді. Ал, ине терапиясы ауырсынусыз өте ме?**

– Ине терапиясы денеге салынғанда ауырсынусыз өтеді. Емдеу барысында аллергия мен қанау болмайды. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген тәмсіл көп назарында. Қазір біразы өз денсаулығына күтіммен қарауды дағдыға айналдырған. Альтернативті медицинаға сенім

Кейде спорттық жаттығуда да белге салмақ түсіп, зақым келеді. Ине салу арқылы бел ауруын 1 аптада жазып бергенім бар. Бұдан бөлек сәбидің көз қисықтығы мен құлақтың естімеуін де ине терапиясы бойынша емдеуге мүмкіндік бар. Бір жағынан сынықшы болғандықтан аяқ-қол, иық пен жақ уатылған сүйектерін қайта қалпына келтіріп беремін.

– **Қазіргі таңда 2-3 айлық курсты оқып, «маман» атанатындар жиі кездеседі. Бұған көзқарасыңыз қалай?**

– Терапия тек теорияны білумен шектелмейді. Практика жүзінде жылдар бойы жинақталған тәжірибе болуы тиіс. Әрі рұқсат куәлігі де кім көрінгенге беріле бермейді. Ине салу тереңдігін меңгеріп, нүктені нақты табатын, диагнозды дәлме-дәл қоюға машықтанған маман ғана жемісті еңбек ететіні анық. Асылында, медицинадан хабары бар, адам тағдырына жеңіл қарамайтын адам ғана саланың салмағын сезінеді. Ал қызығушылықпен курс оқып, ақшаны көздеу алысқа апармайды. Бір айлық курспен тоқтап қалмай, жыл сайын тәжірибе алмасу шеберлікті ұштайды. Яғни, медицинаны кәсіпке айналдырудың қажеті жоқ.

Сұхбаттасқан **Замира ҚОНЫСЖАН**

Бірнеше жыл бұрын аймақ басшысы облыстағы ана мен бала өлімінің көбеюін сынап, тиісті жетекшілерге қатаң ескертпе жасағанын білеміз. Ширатқан сөзден соң салада ілгерілеу пайда болып, медициналық көмектің сапасы жақсарды. Әсіресе, жүктілік кезіндегі жүйелі тексеріс, ана мен бала денсаулығын бақылауды күшейту, маман біліктілігін арттыру қарқын алған. Нәтижесінде соңғы үш жыл көлемінде облыстағы бала туу көрсеткіші екі есеге өскені байқауға болады. Тіпті, өткен жылы 99699 бала өмірге келіпті.

Әрине, бүгінде әлемдік үрдіс әрқилы. Соның бір бөлшегі – бала туу көрсеткіші. Соңғы деректерге көз салсақ, бүкіл әлем бойынша бала туу көрсеткіші төмендеп, балалар саны азайған. Қоғамда немерелер санына қарағанда ата-әжелер көп. Оған дәлел – ғылыми дерек пен әлеуметтік сауалнама. Мәселен, әлем бойынша өткен ғасырдың ортасында әйелдер орташа есеппен 5 бала дүниеге әкелген болса, бұл көрсеткіш өткен жылы екі есе азайған. Яғни, бір әйелде екі баладан артық болмайды деген сөз. Сарапшылар, бұндай өзгеріске әйелдердің жұмыс пен білімге көптеп кірісіп, баланы дүние әкелуге қызығушылығы төмендеуінен деп жоруда. Міне, осындай үрдіс арасында Қазақстандағы бала туу көрсеткішінің жылдан-жылға ұлғаюы көңіл қуантады.

Енді Сыр өңіріндегі ахуалға оралайық. 2023 жылдың алғашқы бес айында Қызылорда қаласының өзінде 2484 бала



дүние есігін ашқан. Олардың денсаулығы, жалпы жағдайы қалыпты. Соңғы кезеңдері аналардың өмірге егіз, үшем әкелуі жиі кездесуде. Бұл күндері облыстың бес жас отбасында үшемдер өсіп келеді. Осы орайда облыс әкімінің кеңесшісі, облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия төрайымы Рахима Ахметованың БАҚ бетіне жарияланған пікірі тақырыпқа тұздық болары анық.


– Өткен жылы егіз босанған аналар саны 54 болса, биылғы жылы 15 егіз өмірге келді. Үшемдер мен егіздердің аналарының жас шамасы 25-37 жас аралығында. Мұның өзі өңірдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың жақсарып, туу көрсеткішінің өскенін көрсетеді. Облыста ана мен сәби өлімін төмендету, босануға көмекші және сәбилер мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жақсартуда оң өзгерістер бар. Қалалық перзентханада ананың босануы кезінде жеке палата қарастырылып, отбасы мүшесінің қатысуына мүмкіндіктер жасалуда, – дейді сала сарапшысы.

Айта кету керек, бүгінде аймақтағы комиссия ана мен бала денсаулығын жақсарту, көп балалы отбасыларға көмек көрсету, олардың тұрмыс жағдайын жақсарту мақсатында түрлі шараны қолға алған. Қайырымдылық акция, дөңгелек үстел, түрлі кездесу ұйымдастыру арқылы жемісті нәтиже көрсетуде. Мәселен, Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында қалалық ішкі саясат бөлімі «Бота» балалар қорымен бірлесіп «Ананы бағалайық, баланы аялайық» атты қайырымдылық акциясын өткізді. Шара шеңберінде тасбөгеттік үшемді үш отбасына сый-сияпат көрсетілді.

– Жүйелі жұмыс қашанда жемісті. Сондықтан жоспарға сәйкес іс-шара кешененің тоқтатпақ емеспіз. Мысалы, маусым айында Сырдария ауданындағы «Жалын» сауықтыру лагерінде «Бар жақсылық – балаларға!» атты акция өткізілді. Себебі, лагерьде осы мерзімде Макаренко атындағы мектеп-интернаттың 100-ден астам тәрбиеленушісі демалды. Акция аясында спорттық жарыстар, шығармашылық, қолөнер, сурет салу байқаулары ұйымдастырылды. Шарада 50 балаға спорттық киімдер тапсырылғанын да айта кету керек. Осындай шара аймақтың барлық ауданында ұйымдастырылды, – дейді Рахима Ахметова.

Иә. Ана мен балаға көмек керек-ақ. Мейлі, әлеуметтік жәрдем болсын, мейлі, медициналық көмек жасалсын, бәрі жүйелі әрі сапалы жүргізілсе болғаны. Халықтың талабы мен тілегі де осы сарында. Сондықтан соңғы жылдағы бала туу көрсеткішінің артуына сеп болған өзгеріске саладағы жарқын қадамдардың үлесі бар деп ұғынған жөн.

Демографияға үлкен үлес



ЖЕҢІМПАЗДАР АНЫҚТАЛДЫ



«ҚазРоботикс» федерациясы Қызылорда өңірлік филиалы және «Жастар рухы» ЖҚ облыстық филиалының ұйымдастыруымен «KazRoboSport-2023» робототехника чемпионатының облыстық іріктеу кезеңі өтті.

Мақсат – STEAM және робототехника бағытын танымал ету, балалар мен жастардың саладағы техникалық шығармашылығы мен қажетті дағдыларын дамыту. №125 High school мектебінде өткен жарысқа барлығы 30-дан аса команда қатысып, Robo-Summo 10x10 санаты бойынша сынға түсті. Ойын қорытындысы бойынша I орын алған Эльдар Жалғасбек және Мақсат Жетенов 5 қараша күні Астана қаласында өтетін республикалық конкурста облыс намысын қорғайтын болады.

– Өткен жылдармен салыстырғанда қазір балалардың робототехникаға қызығушылығы артып келеді. Бұл үйірме жас буынның бағдарламалау мен алгоритмдік ойлау қабілетін, техникалық қиялын дамытады. Келешекте сұранысқа сай маман болуға дайындайды. Робототехника негізінен бірнеше пәнді, атап айтқанда математика, физика, информатиканы бір арнаға тоғыстырады. Баланың конструкцияға қызығушылығы болса, оны осы салаға бейімдеген дұрыс, – дейді «ҚазРоботикс» федерациясының Қызылорда облысындағы өкілі С.Ералиев.

ВИРТУАЛДЫ МЕКТЕП ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ



6 сынып оқушыларына арналған NIS Виртуалды мектебі өз жұмысын бастады. Виртуалды мектеп – 5 және 6 сынып оқушыларын «Өркен» білім беру гранты бойынша Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 7 сыныбында оқуға конкурстық іріктеуге дайындайтын тегін білім беру платформасы.

Мектептің «Математика», «Қазақ тілі», «Орыс тілі», «Ағылшын тілі», «Жаратылыстану» пәндерінен оқу бағдарламалары білім берудің тиімділігін арттыруға, баланың ынтасы мен қажетті дағдыларын дамытуға және Назарбаев Зияткерлік мектебіне түсуге дайындықты бастауға мүмкіндік береді.

Виртуалды мектепте оқу аяқталғаннан кейін оқушы қашықтан өткен тақырыптарды бекітуге арналған тапсырмаларды орындау және қорытынды тесттен өтуі қажет. Қорытынды тестілеуде ең жоғары ұпайдың 50 және одан да көп пайызын жинаған оқушылар демалыс кезінде Назарбаев Зияткерлік мектептері базасындағы каникулярлы мектепке шақырылады.

NIS Виртуалды мектебінде Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінен 22 949 оқушы оқыды, 4 574 (20%) оқушы «Өркен» білім грантын иеленіп, Назарбаев Зияткерлік мектептеріне сәтті оқуға түсті. Виртуалды мектептің 11 мыңнан астам қатысушысы шекті ұпай жинап, өз аймақтарындағы каникулярлы мектепте оқуын жалғастырды.

Еліміздегі жалпы білім беретін мектептердің 6-сынып оқушыларына арналған NIS Виртуалды мектебіне тіркелу 2023 жылдың 18 желтоқсанына дейін жүргізіледі.

ҚҰМАР ОЙЫНҒА ҚҰМАРТҚАНДАР КӨП



Өңірлік коммуникациялар қызметінің жанынан құрылған сарапшылар тобының қатысуымен және «Қызылорда» қоғамдық телеарнасымен бірлескен деңгелек ұстал өтті.

Еркін форматтағы кездесуде «Лудомания: жастар арасындағы ойынқұмарлықты қалай тоқтатамыз?» тақырыбы қозғалды. Бүгінде жастар арасында құмар ойындарына деген қызығушылық күннен-күнге белең алып келеді. Елге індет болып жабысқан дерттен құтылудың жолы қалай? Бұл жөнінде Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеу-жөндеу департаментінің аға тергеушісі Досмұрат Шобдыр және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің психологиялық қолдау орталығының жетекшісі Құралай Иманалиева ой бөлісті.

Аймақта қанша жас құмар ойынның жетегінде кеткені жайында Досмұрат Шобдыр баяндады. Сондай-ақ заңсыз ойынды «кәсіп» қылып, салықтан жалтарып жүргендерге қандай шара қолданылып жатқаны сөз етілді. Тек ер-азаматтар ғана емес, нәзікжандылар да құмар ойынға әуес. Өңірдегі заңсыз ойын бизнесін тоқтату бойынша жұмыстар күшейетін болады.

Жалғасы. Басы 1-бетте

Осылайша, болашағымды «Болашақпен» байланыстырдым. Тәуекел етіп, үлкен қадамға барған соң мойнымда зор жауапкершілік тұрды. Сондықтан ізденіске көп уақыт жұмсадым. Өзге тілді жоғары деңгейде меңгеру – ұзақ мерзімді, жүйелі еңбекті қажет ететін процесс. Өйткені оны дұрыс меңгермесеніз, бір қатені жүйелі түрде қайталауыңыз мүмкін. Оқу процесінде де кедергісі көп. Сондықтан ағылшын тілін меңгеру бойынша 6 ай тілдік курсқа зер сала дайындалдым. Одан кейін мемлекеттік тілден емтихан бар. Тағы кешенді тестілеуден өтесіз. Ол арқылы бағдарлама сіздің интеллектуалдық, кәсіби, психологиялық дайындығыңызды тексереді. Соңғы тур – комиссиямен әңгімелесу. Осы кезеңнің барлығынан сәтті өтіп, IELTS емтиханынан 7 балл еншіледім. Содан соң ғана стипендия бұйырып, Ұлыбританияның Эксетер университетіне көптен күткен жолдама алдым. Мұнда экономика магистрі мамандығы бойынша білім алу мүмкіндігі бұйырды.

– Шетелде магистратура немесе докторантурада жалпылама мамандық дағдысын емес, тарбейінді, яғни белгілі бір ғылым бағыты бойынша дәріс береді. Сіздің негізгі зерттеу объектіңіз қандай еді? Ұлыбританияда қай бағытта ізденіс жасадыңыз?

– Оқуға түсер алдында Экономика және бюджетті жоспарлау министрлігінде қызмет атқарған едім. «Times Higher Education World University Rankings» рейтингінде алғашқы екі жүз үздік университеттің тізімінен табылатын Эксетер университетінде де салама қатысты жаңа ақпараттар алып, макроэкономикалық, қаржылық және әлеуметтік тұрақтылықты сақтау, экономикалық өсімнің қарқыны мен сапасын арттыру бағыттарына терең бойладым. Таңдауым да «Бюджеттік шығындар мен экономикалық өсу» тақырыбына түсті. Университетте белгілі бір саланың әр бағытын жіті зерттеуге маманданған оқытушылар көп болды. Оқулықтар, ғылыми материалдар базасын пайдалануда қиындық туындамады.

– Өзге ел өзгеше эмоция қалдыратыны анық. Ұлыбританияда сізді не нәрсе таңғалдырды, өзге орта жатырқамады ма?

– Ағылшындар байсалды келеді. Қарапайым кезекке тұрудың өзін тұтас мәдениетке айналдырған. Тағы бір ерекшелігі – олардың тұтас мәдениетіне арналған жаңа жаңа қатаң бағынатыны. Көшеде жүру мәдениетін қозғасақ та, ешкім ережені бұзбайды. Жеңіл көліктер дабылын тек төтенше жағдайда ғана басады. Біздің елдегі психологиялық ахуал бойынша дабылқаққыштарын әр жүргізуші кез келген жағдайда, тіптен жай амандасу үшін де басатыны бар. Тіл мәселесіне келгенде де ерекшелік бар. Оны академиялық

жәрмеңкелеріне, идеялар фестиваліне қатыстық.

– Қоғамда «Жақсы білім көзі шетелде» деген түсінік бар. Екі елдің оқу бағдарламасын салыстырмалы түрде айтсаңыз. Сізге қайсысы, несімен ұнады?

– Оқу бағдарламасында нұсқауланған сабақты және мұғалімді өзіміз таңдауға мүмкіндік жасалған. Қазақстанда мұғалімдер көбіне студенттерді міндеттейді. Сабаққа келмей қалса, «жоқ» деп белгілейді, баллын төмендетеді. Ал шетелде ешкім қинамайды, профессорлар мұндай мәселеге бас ауыртпайды. Бастысы – емтиханға барып, бүкіл тапсырманы тапсыруға міндетсіз. Егер сабаққа бармасаңыз, оны тапсыра алмайсыз. Сондықтан әркім өзі үшін барады. Тағы бір айырмашылық – профессорлар мен студенттердің қарым-қатынасында. Мұнда студент кез келген уақытта профессорларға барып, өзін мазалаған сұрағын қоя алады, барлығын мұғалімнің поштасына жазып, хабар алып отыруға мүмкіндігі бар.

– «Болашақ» бағдарламасының кейбір түлектері елге келіп қызмет еткісі келмейді, «Бағдарламаны тоқтату керек» деген пікір жоқ емес. Мұның себебі неде деп ойлайсыз?

– Қоғамда «Болашақты» бай-манаптар мен шенеуніктердің балалары жеңіп алады деген түсінік бар. Алайда, аталған стипендияны жеңіп, мұхит асып білімін жетілдіріп келген қарапайым қазақ жастары көп. Сондықтан мұны негізсіз пікір



қармасының басшысы ретінде қызметімді жалғастырдым. 5 жылдан соң Қазатом-өнеркәсіп» ҰК» АҚ-ның еншілес кәсіпорнында сарапшы маман болып, кейін Солтүстік Қазақстандағы ауыл шаруашылық стансасында басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқардым. Мұнда біз екі жылдың ішінде тозығы жеткен кәсіпорынды қалпына келтіріп, қайта аяққа тұруына себепкер болдық. Қазір мемлекеттік қызметке қайта оралып жатырмын. Алға жоспарым жүйелі.

– Мемлекеттік қызметтегі еңбек өтіліңіз 10 жылға жуық. Тәжірибелі маман ретінде мемлекеттік қызметтің артықшылығы неде деп айта аласыз?

– «Тіреуі барлар ғана мемлекеттік қызметке келеді» деген пікір бар. Мұнымен келіспеймін. Себебі, өзін мансаптық өсудің барлық сатысын өткеріп келемін. Мемлекеттік қызметші – қоғам



деп есептеймін. Ал шетелде оқыған студенттердің елге оралмауына әртүрлі фактор әсер етеді. Стипендиат тап болатын маңызды фактор – Қазақстанда жоғары жалақы беретін жұмыс табудың қиындығында. Бірақ, қазір ахуал бағдарламадан «бакалавриат» программасын алып тастағаннан кейін жақсарды деген ойдамын. Ал өзіме келсем, оқуды тәмамдаған соң өз елімде жұмыс істеуім қажет деген ойда болдым және сол ойдан айнымадым. Бағдарламаның миссиясы – өзге елдегі тәжірибені өзімізде қажетке жаратып, ел

айнасы. Ол барлық талаптан шыға

білу керек. Артықшылығы – еліне, қоғамға қызмет етуде, ортақ игілік үшін барын салуында. Жүсіп Баласағұн «Өз пайданды ойлама, өз пайдасын ойла, өз пайдаң соның ішінде» деген. Қоғам мемлекеттік қызметші бар күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін өзі жүзеге асыратын кәсіби қызметіне жұмсайды, Отанына қалтқысыз әрі адал қызмет етеді деп сенеді.

ЖАҢА ОРТА – ЖАҢА ТРАНСФОРМАЦИЯ



ағылшын тілі курсына қатысу үшін Ньюкасл қаласына барғанда байқадым. Дәріс барысында мұғалімдер таза біз меңгерген акцентпен тіл табысса, сабақтан тыс «джорджи» акцентіне ден қойып, сол тілде сөйлесетін. Ал, оны басқа қалаларда тұратындар, тіпті лондондықтардың өзі түсінуі екіталай еді. Сондай-ақ шетелдік студент көп болғандықтан мұндағы адамдар үшін ол қалыпты жағдай секілді. Әрдайым көмектесуге өзір, тіпті университеттегі шетелдік студенттерге арналған ұйым ел мәдениеті мен өміріне үйренісу үшін арнайы кездесу ұйымдастырды. Бұдан бөлек, салаға қатысты шараларға қатысып, үлкен компаниялардың басшыларымен басқосуларға, жетекші компаниялардың ұйымдастыруымен өткен жұмыс

дамуына үлес қосу. «Мен елімнің патриотымын» деген әрбір жас осыны түйсіктен шығармаса деймін. Себебі ел ертеңі терең білімді һәм қабілетті жастардың қолында.

– «Болашақ» өміріңізді өзгертті ме? Жиған тәжірибеңізді елге қалай сіңіріп жатырсыз?

– «Болашақ» стипендиясы болмаса, Ұлыбританияда білім алуым екіталай еді. Жаңа орта жаңа трансформацияға бастады. Елге келгеннен кейін жиған тәжірибе қызметке қолғабыс етті. Оған менің еңбек жолым дәлел бола алады. «Болашақпен» оқып келген соң бас сарапшы қызметінен ауысып, Ауыл шаруашылығы министрлігінде департамент директоры болып тағайындалды. Одан кейін Жамбыл облысында кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму бас-

Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметші бас пайдасын ойламай, ел сенімін алғашқы орынға қоюы тиіс.

– Еліміз жаңа кезеңге қадам басты. Жаңа Қазақстаннан не күтесіз?

– Жаңа Қазақстаннан әділетті, адам құндылығы мен теңдігі сақталған қоғамда өмір сүруді күтемін. Бірақ, «бізге біреу жарқын болашақ жасап береді» деп күткеннен гөрі атақты неміс философы Иммануил Канттың категориялық императивіне сүйенген дұрысырақ. Біздің жеке құндылықтарымыз қоғам құндылығынан асып кетпеуі тиіс. Осы максимумдарға жүгінсек, Жаңа Қазақстанға жылдам жете аламыз.

Өңімеңізге рақмет!
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Хатты таңғы сағат үште жолдапты. Не жазды екен деген қызығушылықпен ашты. Жеке жазған сөзі жоқ, бар болғаны бір сілтеме жіберіпті. Сілтемені басып, сайтқа өткен соң, француз тіліндегі «Мәңгілік махаббат» әнін тыңдады. Сол сәт әуеннің әсеріне елітіп: «Иә, ең бастысы – ұмытпау, ең бастысы – естелік», – деп күбірлеп отырғанын аңдамады. Ұмытпайтындай не болып еді?

Көз алдына бойшаң, жұқалтаң, келісті сары жігіт елестеді. Екеуі бір факультеттің студенті болғанмен, ол бұдан бірнеше курс жоғары оқыды. Одан бері де көп жыл өте шығыпты. Өз курстарымен емес, төмен курстағы бір жігітпен дос болатын. Қашан көрсе де екеуі тел қозыдай бірге жүретін. Екеуінің басын біріктірген болашақ мамандықтары ма, әлде жерлестік сезім бе, жоқ көзқарас ортақтастықтары мен пікірлестік пе, беймәлім.

Осы жігіттің өзіне қандай қатысы бар? Әлде, екеуі студенттік шақта сөйлесіп пе еді? Ол кезде кім кіммен аралас-құралас болмапты. Дәлізде кездескенде көз таныс адамдар болғандықтан әлбетте сәлемдесіп, бір-біріне бір ауыз тіл қатқан болар. Қазір бар болғаны сүйкімді жымысың ғана көз алдына елестете алады. Оның өзі анық, айқын. Алайда қай кезде жымыңған? Бәлкім... Ондай болса нәліктен есінде жоқ? Жадының қалтарыс-бұлттарысы, қалып қойған ескі естелікті жаңғыртқысы келіп, қанша тырысқанмен есіне ештеңе түспеді. Ұмытып қалатындай, әзір шау тарта қойған жоқ. Ауылда балабақша болмаған, сондықтан өтірік айтпайды. Үйдің ішімен ауласында өткен балалық шақтан бастап, мектептегі, университет қабырғасындағы, университеттен тыс бүкіл оқиға естелік болып, санасында сақталған. Университет демекші, бір ұстазының кабинетіне шақырып, «сөз айтқаның» да ұмытуға тырысқанмен пәрмені жетпей келеді.

Асқардың өзінен сұрап көрсе қайтеді? Жоқ, аса ынта танытуға болмайды. Сыр білдірмегені жөн. Осы ойға тоқтады.

Есіне бірнеше жыл бұрынғы тағы бір оқиға оралды. Өзі оқыған университетке бір бас сұққанда өлдеқалай ортақ таныстарын кездестіріп қалған. Амандық-саулықтан кейін оны Асқардың сұрағанын айтты.

- Сен не дедің?
- Оны ұмыт дедім.
- Ол ұмытатындай, мені ойлаушы ма еді?
- Сен білмеуші ме едің?
- Жоқ.
- Ол сені жақсы көретін. Өлі есінен шығара алмаған сияқты.

– Бұл туралы сенен естіп тұрмын.
– Өзі сезімді білдірмеп пе еді?
– Есімде жоқ, айтпаған сияқты.
– Қызық екен. Біз білетінбіз. Дәлізде құрбыларыңмен кетіп бара жатқанда бәріміз Асқарға: «Әне, сенің гашығың» дегенде қызарақтап қалатын.

Бұл әңгіменің де ұмытылғаны қашан. Енді міне, тағы алдынан шығып тұр.

Сол Асқар бүгін әуежайда күтіп алды. Оның әуежайға келіп, тосып тұрғанына сәл таңырқап қалды. Өйткені соңғы хабарламада: «Мен жеткен соң хабарласамын» деп жазған.

Студент кездегі бұрынғы Асқар өзгерген. Өзіне сенімді дүр жігіт. Қапсағай денелі, шыныққан, шымыр, сабырлы, салиқалы азамат.

Келікте келе жатқанда қалай жеткенін сұрады. Содан әңгіме студенттік шақтағы ортақ достарына ауысқанда «Екеуімізді таныстырған сол Әрсен ғой» деді.

Гүлия бұл сәтті тиімді пайдаланып «Қалай танысқанымызды айтып берші» деп өтінді.

Дәлізде кафедраның алдында тұрдық. Әрсен маған қарап: «Міне, сен сұрап жүрген қыз – Гүлия», – деді. Сосын саған: «Менің ең жақын досым – Асқар. Сенімен таныстыр деп қолқалап жүргеніне біраз болды», – деп көп сырдың ұшығын аңғартатын кейіппен жұмбақ жымыды. Әрсен сол тұрған күйде де өрнәрсө айтты, әзілдеуін қоймады. Оның сөзінің шыны қайсы, қалжыңы қайсы екенін ажырату қиын.

Өншейінде онымен бірге қылжақтасып, қосыла күлетін мен сол жолы оның сөзін естімей, бар назарым саған ауды. Сенен көз ала алмай, сұқтана қарадым. Ішімнен өзіме: «Ақындардың жаттанды теңеулерін бұл жолы мойындамасқа шарам жоқ. «Қыпша бел, биік мықын, аққу мойын, түзу аяқ» деп сипаттайтын сұңғақ бойлы, сымбаты ерек арудың нағыз өзі. Ақ жүзіне жарасып, арқасын жапқан толқынды, қоңыр шашы қандай әсем...» деп ойладым. Сені ұнаттым. Сенің көркінді ғана емес, ақжарқын, көңілді қалпыңды, ойыңды еркін айтатын, өзіңе сенімді мінезінді құп көрдім. Әр сен сенің курстағы озат, топтағы алғыр студент екенінді айтқан. Сөйлескен сайын оған көзім жете түсті. Сендермен бір топта оқитын,

Таңертең ояңған соң күнделікті әдетінше әлеуметтік желіге бас сұғып, жаңалықтар ағынымен таныспақ болды. Негізгі бетке көз жүгіртіп үлгермей жатып, хат көлгенін байқады. Асқар... таныс есім, таныс жігіт. Екеуі бір жоғары оқу орнында, бір мамандықта оқыды. Қазір әлеуметтік желіде бірнеше жылдан бері «дос» болып, бір-бірінің суретімен жазбаларына «лайк» басқаннан арыға бармайтын. Дегенмен араларында көзге көрінбейтін, екеуін байланыстыратын бір нәзік жіптің бар екенін іші сезетін.

күнде бір аудиторияда отыратын досыма қызықтым.



– Дәліз үнемі алакөлеңке болып тұратын. Мұның бәрін қалай анық байқап қойдың?
– Сол күні дәліздің жарық болғаны есімде. Тез арада сөз тауып кеткен тапқырлыққа риза болған екеуі қосыла күлді.

– Бір кезде бәріміздің ортақ ұстазымыз болған Фазыл Сардарзаданың келе жатқанын көріп, Әрсен екеуіміз сенен шегіншектей бастадық. Келбетті, бірақ жүзі суық, мысы басып тұратын кісі еді. Мұртының сол жақ ұшы саусағымен шырып: «Сабақ баяғыда басталып кетті. Аудиторияға неге кірмейсіңдер?» деді. Зілсіз екпінмен айтылған ұстазымыздың сөзіне мойынсұнып, сен бізбен қоштаспастан жылдам басып, аудиторияға ендің. «Өттең...» деген өкініш табы жүзімнен менмұндаалаған жайымды байқаған Фазыл Сардарзада «Сенің жағдайың белгілі болды» деген көзқараспен мығыған күлгендей көрінді. Сабақта сұсты көрінгенмен, өмірде қарапайым, жүрегі жұмсақ адам болатын. Әрсен де ағайдың соңынан өкшелеп, аудиторияға кірді.

Кейін ағай сабақтың соңында жеке қалғанда менен: «Саған бірінші курстағы Гүлия ұнай ма?» деп сұрады. Ойланбастан басымды шұлғып: «Иә, Фазыл Сардарзада», – дедім. Ойлы жанарымен жүзіме біраз тесіле, сынай қарады. Басқа ештеңе деген жоқ. Сөзсіз, бірақ көп нәрсенің ұшығын аңғартатын көзқарас еді. Онысын қозыларын қасқырдан қорып жүрген қойшының сақтығына ұқсаттым. Бұл сұрақтың бір күні қойылатынын күтіп жүргем. Өйткені, таныстықтан кейін көзімнің бір қиығымен болсын сені көріп қалсам деген ниетпен аудиторияларыңның маңын жиі торуылдайтын болғам. Сол кездері ұстазымыздың көзіне түсіп қалатынымын.

Мен ол кезде ұнайтыныңды айтқаннан әріге бара алмадым. Оған ұяң мінезім бе, әлде сенің маған мән бермеген немқұрайлығың себеп болды ма, нақты айта алмаймын. Сырымды айтам деп, шынымды айтып қоятын болдым-ау. Мейлі, бастаған екем, айтайын. Сені айналшықтап жүрген менен де басқа жігіттердің бар екенін көрдім. Содан кейін бе, әйтеуір нақты қадам жасауды кейінге қалдыра бердім. Сөйтіп, әрі-сәрі болып жүргенде оқу да аяқталып, жұмысқа тұрып, өмірдің ағымына ілестім.

– Танысқан әр адамға қызығушылық таныта берсем, не болғаным?! Пәлі, бақталаспен бәсекелес қай жігітте болмайды екен? Ең қызығы да солардың арасынан суырылып шығып, қыздың жүрегін жаулап алуда емес пе?

– Иә, дұрыс айтасың.

Алайда сен маған көңіл аударатындай ол кезде мен кім едім?

Қатардағы қарапайым студент...

– Шындықты айтуға

бел бұған екенбіз, мені де тыңда. Сен айтқан, бірақ мен олардан хабарсыз жігіттердің де ол кезде сенен асып бара жатқан ештеңесі болмағанына сенімдімін. Олар да өзінің қатарластарың болғандықтан қай жағынан алсаң да сенімен деңгейлес болғаны шүбәсіз. Қазір ғой, бірі ғалым, басқасы елші, басшы, қосшы дегендей, өмірден өз орынын тауып, олар туралы «бірге оқығанбыз» деп ауыз толтырып, мақтанып айтатын дәрежеге жетіп отыр.

Біздің студенттік шағымыз Кеңес Одағы құлаған аумалы-төкпелі заманға дәп келмеп пе еді? «Сен қарайтындай» дейтіндей, мен де ешкім емес едім. Ол кезде әсіресе студенттердің күйі келіспей жүргені өзіңе аян. Соған қарамастан сабақтан басқаны ойламайтынбыз. Алдымда ата-ананың, ұстаздардың үмітін ақтау үшін жақсы оқу керек деген мақсат қана болатын. Қыстығүні терезесі сынық, моладай азынаған суық бөлмеде құрбым екеуіміз үстімізге бар жылы киімімізді қабаттап киіп, сабақ оқитынбыз. Таңертен университеттің оқу залына барып, түсте басталатын сабаққа дайындалып отыратынбыз. Сен жатақханада тұрмағандықтан білмейтін шығарсың. Кейде қара су мен қара нанды талғажау етіп ұйықтайтын кез болған. Бұл тек менің басымдағы хал емес, басқа да замандастарым кешкен жағдай.

Өзімің өдемі екенімді білдім бе, білмеймін... Сымбатты әдемілік десе, одан кенде болмаған сияқтымын. Осыған қатысты басымнан өткен бір оқиғаны айтып берейін.

Бір күні қыздармен университеттен алыс емес қоғамдық моншаға бардық. Моншаға енген соң бір-бірімізден бөлініп кеттік. Құрбыларымың бірі душқа, біреуі қолындағы легеніне су құюға, мен бу бөлмесіне бет алдым.

Бу бөлмесіне енгенде қалың бұдан көзім ештеңе көрмей, есіктің түбінде тұрып қалдым. Ішінде біраз адамның бар екені сыбыр-күбірлерімен қимыл-қозғалыстарынан сезілді. Бір кезде құлағыма олардың біреудің сымбаты туралы тамсанып айтып жатқан сөздері естілді:

– Сән журналының мұқабасынан түсе қалғандай...

– Апыр-ай, біздің моншаға да мұндай қыздар келеді екен-ау...

– Бойжеткен, сіз киім үлгілерін көрсетесіз бе?

Сол кезде ғана істің байыбына барған менің бетім ду ете қалды. Ыстық бұдан көзім кеңістікке әлі үйрене алмай, жоғары көтерілуге қорғанып тұрған мені отырған әйелдер сән үлгілерін көрсететін журналдардағы модельге балап, сұрақты төпелетіп қойып жатыр екен. Шектен тыс бөлінген көңілге ыңғайсызданған менің «жоқ» деген сөзді мұрнымның астынан миңгірлеп айтуға ғана мұршаң жетіп, шығып кеттім. Сол оқиғадан кейін ол жақтың табалдырығын аттап баспайтын болдым.

Мүмкін, сенің ойыңды дұрыс түсінбеген болармын. Досым деп жақсы көретін шығар дедім бе? Бірақ өзінді ерекше сыйлағанымды, құрметімнің арта түспесе, азаймағанын білесің ғой? Әрсеннің досы ғана емес, өзімің досым ретінде де саған деген көңілім алабөтен. Соңғы уақыттағы хат алмасудан кейін сені бұрынғыдан бетер таныдым. Жаныңның нәзік, сезімнің таза, риясыз адам екендігіңе көзім жетті.

Әуежай мен қонақ үйдің арасы қашық болмай шықты. Әңгімемен әне-міне дегенше жол да еңсерілді.

Заманауи үлгідегі бес жұлдызды қонақ үйдің ресепшніндегі қыз жылдам қабылдап, құжат толтырған соң шылым шегілмеген бөлме бермек болып: «Он алтыншы қабатқа қалай қарайсыз? Биіктен қорықпайсыз ба?» – деп сұрады. Гүлия бүгінгі кездесудің әсерінен шыға алмай, ойы қиял әлемін шарлап кеткендіктен бей жай кейіппен: «Бере беріңіз» деді..

Меймандардың жүгін бөлмеге жеткізетін жігіт шабаданға қол созып еді, Асқар оның қызметінен сыпайы бас тартып, өзі аппаратынын айтты.

Лифтке міне салысымен, екеуі де тынысты тарылтқан беттегі масканы да шешті-ау... Соншама жылдан кейін бір-бірін жүзбе жүз бірінші рет лифтінің ішінде көрді.

– Сен еш өзгермегенсің, Гүлия. Уақыт сен үшін тоқтап қалғандай. Студент кезіндегі әдемілігің сақталған. Тіпті бұрынғыдан бетер сұлулана түскенсің. Сенің суреттеріңді көргенде бәлкім, бұл бар болғаны сурет болар, осынша уақыт өткенде өмір адамның жүзіне өз өрнегін салмай қоймайды деп ойлайтынмын. Бірақ, қазір көріп тұрғандай, болжамым бұрыс шықты. Сен әлі сұлу, әрі сымбаттысың. Төлқұжаттағы жас бар болғаны сан ғана. Саған қарасам көзім тоймайды...

Гүлия өзінің әлі сыны кетпегенін білетін. Бірақ оған масаттанып, ешқашан асып-тасқан емес. Мінезі біртоға, салмақты. Саламатты өмір салтын ұстанады. Талғаммен киінеді. Сәл нәрсеге болсын шынайы қуана біледі. Ең бастысы, өмірге ынтық.

Лифт екеуін қажет қабатқа жеткізді. Есікті ашып, бөлмеге енді. Кіреберісті қосқанда екі бөлме. Сол жақта жуынатын жай. Қарсыда киім ілетін, ішінде сейфі бар үлкен шкаф. Жатын бөлме кең, жарық, әдемі, талғамға сай жабдықталған, ортасына екі кісілік төсек қойылған. Төсектегі сықырлаған ақжаймалы жабдық бөлменің салтанатын арттыра түскендей. Былғары жалпақ кресло, торшер мен емен ағашынан жасалған ауыр стол қойылған. Терезенің деңгейінде үлкен телевизор тұр. Терезе бір қабырғаның жартысын қамтыған. Басты айналдыратын биіктен төмен қарасаң, Парсы шығанағының суы қарауытып көрінеді. Тура қарсыда құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Құрылысшылардың қараңқураң бейнесі көрінгенімен, айғай-шу естілмейді. Жанға жайлы тыныштық.

Мұның бәрін пердені жабу үшін барғанда байқады. Қалың, жарық өткізбейтін пердені ортаға қарай тартып әкелгенде, бөлмеде сырлы, тылсым бір күй орнады.

Асқар креслоға барып отырды. Жеңіл, жағымды өтірдің иісі сезіліп, бойынан жылы леп ескендей болды. Осынша уақыт бір-бірін танытын, беріде емін-еркін сөйлесіп, хабарлама жазысып жүрген екеуінің оңаша қалғанда қысылғандары рас. Осы сәт Гүлияның есіне түн ортасына дейін екеуі сырласып отырғанда Асқар жанында, мүмкін телефонның бетінде тұрғандай абайсызда соған қарай қолын созығысы келетіні есіне түсті. Енді, міне, бір-бірінің тынысын естіп, қол созым жерде отырғанда бір сөз айтуға екеуінің батылы жетер емес. Орнаған ауыр үнсіздікті Асқар бұзды.

– Өткен жылдарға өкпем жоқ. Бірақ сен мен үшін жастық шағымның тәтті естелігі, қолым жетпеген арманым болып қалып едің. Университеттегі жылдарды, достарымды еске алғанда арасында міндетті түрде кафедраның алдында көрген сенің бейнеңді елестететінім. Кейін виртуалды кеңістікте қайта кездестіргенде қатты қуандым. Жариялаған суретіңнің астына екеуіміз білетін тілде «Сол қалпың... еш өзгермегенсің...» деп комментарий жазғаным есімде. Кез келген уақытта хабарласа алатын мүмкіндік болғанымен, арада бір шектеу тұрғандай, бар болғанымен, қолым жетпейтіндей көрінетіндіктен саған сырымды айтып, ақтарыла алмай жүрдім. Бір күні таңға жуық француз тіліндегі Une Vie D'amour әнінің сілтемесін жібердім. Сол сілтеменің екеуімізді табыстыратынын ішім сезгендей. Сен жауап жазбағаныңмен, оны ұнатқан белгі қойдың. Осы оқиғадан кейіне кеуіміз хат жазыса бастадық. Бізді бұл өмірде екінші рет жолықтырған – «Мәңгілік махаббат» әуені. Мен мәңгілік махаббатқа сенемін, – деді Асқар.

ҚОС КҮМІС ҚОЛДА

Жігер Айкешов бәсі жоғары байрақты бәсекеде сәтті өнер көрсеткен боксшыға алғыс білдіріп, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың құттықтауын жеткізді.

– Тартысты ойындардың куәсі болдық. Оған қоса, Токио Олимпиадасының қола жүлдегері, Қазақ елінің мақтаншы Қамшыбек Қоңқабаев қарсыластарын сенімді жеңді. Оны Еуразия спорт кешенінде спортсүйер қауыммен, жас өрендермен бір үйдің баласындай тамашаладық. Керемет әсер алдық. Енді 2024 жылы Франция астанасы Парижде өтетін Олимпиадада көк туымызды көкке көтеретініне сенеміз. Жерлесімізге сәттілік тілейміз, – деді Жігер Оңдасынұлы.

Ал Қамшыбек өзіне қолдау көрсеткен жандарға алғыс білдіріп, жеңісті жолды Парижде қайталауға ниетті екенін айтты.

Еске салайық, аса ауыр салмақта өнер көрсеткен Қамшыбек Қоңқабаев жартылай финалда үндістандық Нарендерді 5:0 есебімен ұтып, 2024 жылы Франция астанасы Парижде өтетін Олимпиада жолдамасын жеңіп алды. Ол бұған дейін бахрейндік былғары қолғап шебері Данис Латыповпен кездесу өткізіп, онда да 5:0 есебімен басымдыққа ие болған. Алайда, ақтық сында өзбек боксшысы Баходир Жалоловқа есе жіберіп, күміс жүлде алды.

– «Маған қолдау білдірген барша жанға алғыс білдіремін. Толассыз келіп жатқан құттықтаулар ел абыройын арттыру жолында үлкен септігін тигізетіні сөзсіз. Келер жылғы «Париж-2024» Олимпиадасында қазақ еліне «Алтын» әкелу үшін бар күш-жігерімді жұмсаймын», – дейді Қамшыбек Қоңқабаев.

Алтынға бергісіз күміс жүлде

Каратэ-до – жапондардың ұлттық спорты. Дегенмен, оған әлем жұртшылығының қызығушылығы жоғары. Бүгінде бұл спорт түрі елімізде де қарқынды дамуда. Қазір ел намысын абыроймен қорғап жүрген каратэшілер қатары көп. Алыс-жақын шетелден олжалы оралып жатқан жерлестеріміз де баршылық. Қытайдың Ханчжоу қаласында өткен Азия ойындарында жерлесіміз Мөлдір Жаңбырбай күміс жүлде еншіледі. Осы орайда, Мөлдірдің өзімен ой бөлісудің сәті түсті.

Бұқаралық спортты дамыту – ұлт саулығына бастар қадам. Оның жүйелі жүрі, тұрақты өркендеуі еңбек нарығынан бастап экономикалық көрсеткішке тікелей әсер ететіні айтпаса

Бұл жолы Қызылорда облысының 85 жылдығына орай өткізілген жүгіру марафонына қатысуға ниетті жастың қатары көбейді. Талапкерлер шараға қатысуға онлайн форматта

Спортсүйер жастар марафон барысында 6 шақырымды еңсерген. Жүгіру аймағы да ауқымды. Аймақ орталығындағы Эдельвейс саяжай қиылысынан бастап, Болашақ университетіне дейінгі аралықты қамтыған. Ұзақ жолда бір-біріне дем берген қатысушылар жарыстың тартысты да қызықты өткенін тілге тиек етті.

пайдаланудың жолдарын үйретті. Жарыс барысында спортпен ғана шұғылданбай, керек мағұлматқа қанықтым. Осы мәндес өзге марафондарға қатысуды жоспарлаудамын, – дейді қатысушы С.Мақанов.

Осылайша, тартысты бәсеке қорытындысы бойынша жүлдегелер анықталған. Ерлер арасында I орынды тараздық тұрғын Ринат Кулыгин еншілесө, II орын Орал қаласынан келген Баубек Ильясов иеленді. Ал жүлделі III орын алматылық Нұрысбек Сексембайдың еншісінде.

Әйелдер арасында да мәреге алғаш жеткен жеңімпаз бен жүлдегерлер қатарынан көрінген талапкерлердің аты аталды. I орынды Шымкент қаласынан келген Сарвиноз Досметова еншілесө, соңғы екі орынды қармақшылық спортшылар Сымбат Мырзашқызы пен Қымбат Мырзашқызы иеленді.

Сонымен қатар алғашқы жүздікке ілінген мүмкіндігі шектеулі ерекше жанның бірі Бағдат Егізбаев «Үздік қатысушы» номинациясын иеленсе, Ерасыл Құрамыс, Азамат Бахытұлы, Айжарық Амантай мен Айттолқын Нағашыбек «Ең жас қатысушы» номинациясын алды.

Денсаулық көрсеткішін жақсарту, бұқаралық спортты насихаттау бағытында қолға алынған шара осындай нәтижемен түйінделді. Ұйымдастырушылар алдағы уақытта марафонды дәстүрлі түрде өткізуге ниетті екенін жеткізіп, қатысушыларға алғыс білдірді.

Қытайдан жеткен қуанышты хабар Сыр жұртын бір серпілтті. Ханчжоу қаласында өткен Азия ойындарында боксшы Қамшыбек Қоңқабаев пен каратэші Мөлдір Жаңбырбай күміс иеленді. Жеңімпаздардың алғашқы легі елге оралды. Жақында Қызылорда облыстық мәдениет және спорт басқармасы басшысының орынбасары Жігер Айкешов және спорт саласының қызметкерлері мен бапкерлері былғары қолғап шеберін туған жерде күтіп алды.

Жерлестері Мөлдірдің спорттағы жетістігімен жақсы таныс. Әсіресе, Токио Олимпиадасында бақ сынаған сәтте Сыр елі тілеуін тілеп, жанкүйер болды. Онда жүлделі орыннан көрінбесе де спортшының бағындырған белесі аз емес. Каратэден Әлем және Азия біріншілігінің сан мәрте жеңімпазы. Мұндай көңіл қуантарлық нәтиже оның



тынымсыз еңбегі мен үздіксіз жаттығуының жемісі екені анық.

Спортқа енді қадам басқан жас өренге Мөлдір секілді каратэшінің кәсіби жолы өнеге боларлық. Ешкім жетектемесе де өмір жолын таңдауға деген батыл қадам спортшыны жаттығу залына бастаған. Бала кезінен өзге қыз балалардай қуыршаққа емес, керісінше, көрші балалармен төбелесіп, доп теуіп, футбол ойнағанға бейім болыпты. Тіпті, үйдің маңынан спорт мектебінің ашылатынын естіген бойда қашан жұмыс істейтінін білу үшін күнде баруды әдетке айналдырады. Ал спорт мектебіне қабылданған соң жаттығуды жібермей, әр сайысқа тыңғылықты дайындалып отырған. Содан болар, каратэге өлкесі мен інісі де барғанымен соңына дейін қатысқан Мөлдір ғана екен. Айтуынша, бүгінде каратэ хоббидан өмірлік кәсібіне айналған.

– Жаттығуды бастағанымна небәрі үш ай болғанда алғаш рет Тараз қаласына жарысқа бардым. Додада жолым болып, II орын алғаным есімде. Ал шетелдегі тұңғыш сайысқа 2009 жылы жолым түсті. Ол – Пекинде болған Әлем чемпионаты. Қанжыға майланып, II орын иелендім. Содан бері ешбір сайыстан жүлдесіз

МАРАФОН



МӘРЕГЕ ЖЕТТІ

да анық. Сондықтан Үкімет пен қоғамдық институттар жалпыхалықтық спорттық шараларды ұйымдастыруға басымдық беріп, ел саулығына үлес қосуға бет алды. Осындай нәтижесі бастаманың бірі – «Жастар ресурстық орталығы» ұйымдастырған «JAS.START» жүгіру марафоны.

тіркеліп, қаланың спорттық мәдениетін дамытуға үлес қосты. Ұйымдастырушылардың мәліметінше, марафонға 600 ерікті жас қатысқан. Сондай-ақ марафонға аймақ жастарымен қатар Орал, Шымкент, Тараз, Алматы қалаларынан еріктілер атсалысыпты. Тіпті Татарстан Республикасында қонақтар бой көрсеткен.

– Биыл алғаш рет марафонға қатыстым. Алғашында шаршап, әлсірегеніммен, кейін қалыпқа түсіп, жарысың соңына жетуге мүмкіндік алдым. Барлығы үлкен дайындықпен келгені байқалады. Оған қоса бәсекеде тәжірибелі спортшыларды да байқадым. Олар жүгірудің тиімді техникасы мен демді

ӨЗЕРБАЙЖАНДЫ ҚАПЫ ҚАЛДЫРДЫ



Футзалдан Әлем чемпионатының іріктеу кезеңіне қатысып жатқан Қазақстан ұлттық құрамасы топтық сайыстың үшінші ойынында да жеңіске жетті. Бұл жолы Өзербайжанға сапар шеккен Кака шәкірттері жергілікті құраманы өз жанкүйерлерінің алдында қапы қалдырды.

Қазақстан ұлттық құрамасы элиталы кезеңдегі алғашқы ойынын сырт алаңда Нидерландпен өткізіп, 2:0 есебімен сенімді жеңіске жетсе, бұл турда Румыния өз алаңында Өзербайжан құрамасынан 3:1 есебімен басым түсті. Ал екінші кезеңде жерлестеріміз Алматыда Румыниямен өткен аса тартысты кездесуде 4:3 есебімен жеңісті жұлып алып, өз тобында көшбасшыға айналды. Сол күні Өзербайжан футболшылары Нидерланд құрамасын ірі есеппен қапы қалдырды – 6:1.

ӘМІР ОМАРХАНОВ ЖЕҢІМПАЗЫ АТАНДЫ



Оңтүстік Кореяда жасөспірімдер арасында екінші санаттағы ITF Juniors - J300 WANJU турнирі мәресіне жетіп, жарыста Қазақстан теннисшісі жеңімпаз атанды.

Қазақстан теннис федерациясы баспасөз қызметінің мәліметінше Әмір Омарханов (200 ITF Juniors) үшінші айналымда жасөспірімдер арасында әлемнің 45-інші, доданың екінші ракеткасы, оңтүстіккореялық Джангжун Кимнен (6:7, 7:6, 6:3) басым түсті.

Ширек финалда тағы бір оңтүстіккореялық Юн Сун Йонгты (6:3, 6:3) ұтты. Жартылай финалда жасөспірімдер арасында әлемнің 41-ракеткасы, аустралиялық Хайден Джонесті (6:1, 6:0) ойсырата жеңді.

Титул үшін бәсекеде рейтингте 61-орындағы үндістандық Юван Нандалды (6:2, 6:2) қапы қалдырды. Осылайша, Қарағанды теннис мектебінің түлегі Әмір Омарханов ITF Juniors жарысында төртінші титулына қол жеткізді.

СПАРТАКИАДА ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІНЕ АЛҒЫС БІЛДІРДІ



Қазалы аудандық білім бөлімінің басшысы облыстық спартакиада жүлдегерлеріне алғыс білдіріп, ықыласын танытқан еді. Олардың арасында айтулы додаға бөбектерін құшағына ала барған ұстаз-аналар да бар. Мұны ескерген Әділхан Оңдасынұлы бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен аналарға арнайы ризашылығын білдірді.

«Әрине, құндақтағы сәбіі бар ұстазды ешкім еркінен тыс сайысқа қатыстыра алмайды. Мұны жауапкершілік пен сүйікті істеріңізге шындап берілгендік деп түсіндім. Көрегенді бабамыз: «Періштенің тілеуін берді» деген тіркесті бекер айтпаса керек. Жеңіске жету жолында еткен еңбектеріңізден бөлек, қолыңыздағы сәбидің де тілеуі қабыл болған шығар деген ой келіп отыр. Сондықтан балапандарымыз аман, бала күні қызық пен қуанышқа толы болсын», – деді бас ұстаз.

Бұдан кейін бөлім басшысы спортшы-аналарға «Пони» балалар ойын-сауық орталығына тегін кіруге мүмкіндік беретін сертификаттар үлестірді.

Бетті дайындаған Берен ШАҒЫРОВ

Өмірде өрілген, қоғамда өрбіген сан қилы құбылысты қағазға түсіру қиынның қиыны. Өзекті мәселені тақырыптың тұздығы етіп, оны аша білу де үлкен өнер, ерен еңбек. Суретті сөйлететін иллюстратор Аңсаған Мұстафа дарынымен дара. Бүгінде туындысын әлем танып, шеберлігіне сүйсініп жүр.

6 айда 55 сурет

Әлеуметтік тақырыпқа салған суреттерім көп. Қоғамда кең таралып, бейнеге қатысты байсалды пікір жазылып, көзқарас оң болды. Астарында астарлы ой, мәнді мазмун болғандықтан талқылау тоқтаған жоқ. 2013 жылы талдықорғандық кәсіпкер Алмасбек Садырбай көрме жасауға ой тастады. Тақырып түрліше, сурет көлемі тек А3, А4 көлемінде болатын. Бәрін жинақтап, коллекция жасауды жөн көрдім. 60x80 көлемде тушь пен қылқаламды пайдаланып, 6 айда 55 сурет дайындадым. Дегенмен, көрме өткізетін жер таппай, әуре-сарсаңға түскенім рас. «Еңбегім еш кете ме?» деген ой да мазалады. Бірақ анамның бағытымен 2014 жылы қазан айында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде алғашқы көрмеді ұйымдастырдым. Көпшілік жақсы қабылдап, жылы лебізін білдірді. Содан кейін жан-жақтан қоңырау шалып, көрме өткізуге ұсыныс түсті. Көрме Атырау, Талдықорған, Тараз сынды еліміздегі әр өңірде ай сайын өткізіліп, тіпті метрода да туындыларым қойылды.

Пандемия уақытында үйден шықпауға тура келгені жасырын емес. Дегенмен, шетел суретшілері тоқтамай, зум мен ватсап платформасы арқылы көрме ұйымдастырды. Маған да онлайн көрмеге сурет жіберуімді сұрады. Көптеген галерея басшысымен танысып, шетелмен байланыс осылай өрбіді.

Ұлттық нақышты дамытудағы ұтқыр ой немесе жейдеге сурет салу кәсібі

Бұл – әлеуметтік желіден бастау алған кәсіп. Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл



толғанда «суретші ретінде қандай пайдам тиеді?» деп ойладым. Сөйтіп, жейдеге «Қазақ хандығы 550 жыл» деп жазып, 550 лайк жинаса, 55 түрін дайындайтынымды қалжың-шыны аралас айтып, әлеуметтік желіге жүктегенім. Сөйтсем лайк саны 1000-ға жетті. Таныстарым хан-билердің, ақын-жазушының, жер-су атын жазу секілді идеясын бөлісті. Сөзімнен тайқымай, 55 түрлі дизайнды дайындап, парақшамда жарияладым. «Абай.кз» сайтында қызмет атқарған Айдос Сарым «бізде қаралым көп болады, мұны көпке жеткізу керек» деген оймен ақпараттық порталға жүктеді. Пікірлер толастамай, тапсырыс түсе бастады. Тіпті жекеме шығып өлшемін айтып, үлгісін көрсетіп жейдеге сурет салып беруімді сұрағандар көбейгені шындық. Әу баста мұның бизнес емес екенін түсіндіруге тырыстым.

өнеріне қатысты пікір алмастық. Алғашында

күдіктенгенім рас, ақжарқын көңілмен қарсы алған соң қорқынышым сейілді. Осының бәрі өрлеуде септігін тигізетіні анық. Сонымен қатар басылымға сұхбат алған мексикандық журналист «Қазақстанға барып, суреттеріңізді көргім келеді» деп ықыласын білдірді. Алдағы уақытта келсе, қонақжайлығымды көрсетіп, еліміздің өсем жерлерін аралату ойда бар.

Идея ұрлап, көшірме жасау көбейіп барады

Төл туындыны өзге біреу заңсыз иемденгенде қынжыласың. Ұлттық нақыштағы жейде жасау идеямды қырғыз, қытай, өзбектер қайталап, жайма базарын жайнатып жіберді. Осылайша жасанды көшірмелер пайда болды. Әрине, олар түпнұсқадағыдай сапалы әрі тартымды шықпайтыны анық. Тауар санын көбейтіп, арзан бағада ұсынады. Өзіміз өндiрген жейдеде арнайы тауар белгісі салынады. Мұны көп адамдар байқамай бермейді. Осының әсерінен де кедергіге тап болғанымыз бар. Серіктес дүкендер бізден емес, базардан сатып алуды шығарды. Өкініштісі, бұған тоқтам қою мүмкін емес. Құжаттарды дайындап, патент алуға өтініш жазғанмын. Бірақ тәртіп пен талап бойынша 9 ай күту керек екен. Қаржы босқа кетті. Тоғыз айда олар басқа суретті де пайдалана бастады. Патентпен тек елдегі көшірмеге тыйым салуға мүмкіндік бар. Шетелде тоқтату үшін сол жақтың патенті қажет. Осындай қиындықтар кездескен. Дегенмен, мұндай олқылық өнерге сүйіспеншілігімді өлтірмейді.

Замира ДАСТАНҚЫЗЫ



Студенттік өмір: Жұмыс пен оқуды қатар алып жүру мүмкін бе?

Алуа ОРАЗБЕК:

– Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің журналистика мамандығының 2 курс студентімін. Қыз баласы болған соң әсемдікке, әдемілікке бейім болып өстім. Сән салоны саласында 17 жасымнан бері қызмет етіп келемін, яғни биыл 3 жыл болды. Жалпы ерте жастан еңбек етіп, өз нанымды өзін тапқанға не жетсін. Кәметел жасқа толмай жатып өзімді қаржылай қамтамасыз етемін. Қалағанымды алып, еркін өмір сүруге мүмкіндігім бар. Сондай-ақ отбасыма қаржылай көмек көрсетіп, жанашыр жандарымды қуанта аламын. Әрбір бастау алған бизнесің берер тәжірибесі мол, пайдасы орасан зор. Сол себепті өзіңізге іштей сенім білдіріп, идеяңызды жүзеге асыруға жасқанбаңыз!

Бақыт АРДАҚ:

– Камера – менің жан серігім. Заман талабына сай мобилография саласында бағымды сынап жүрмін. Мобилография – табыс көзі. Сонымен қатар қоғаммен тығыз байланыста боласың. Қазіргі таңда қаладағы танымал «Әділет» студиясында мобилограф болып жұмыс істеймін. Қосымша өзге де орындарда видеограф қызметін атқарамын. Осы салада жұмыс істегелі көптеген мәдениет өкілдерімен таныс болып, түсірілім алаңында бірге қызмет еттік. Айналадағы талантты тұлғаларды көрсем, шабыттанамын. Бизнесің көзін жастайынан ашқан адам есейген кезде қателіктерден алшақ болады. «Оқу-оқу» деп, тек қана сабақпен шектеліп қалу қате. Мықты карьера құру үшін жан-жақты дамып, білім көзін әр бағыттан іздеу қажет.

Луиза АЛИЕВА:

– Ерте жастан жұмыс істегеннің пайдасы зор. Біріншіден, тәжірибе жинақтайсың, екіншіден ешкімге тәуелді болмайсың. Ата-анам – білім беру саласының ардагерлері. Қанымнан дарыған болса керек, балалармен жұмыс істеген өзіме ұнайды. Сабақтан бос уақытымда мектепте оқитын бүлдіршіңдерге үй жұмысын орындатып, түсінбеген тақырыптарды меңгеруге көмектесемін. Өзіме ұнайтын іспен айналысып күнделікті нәпақамды тапқанымды мақтан тұтамын.

Өз қызығушылықтарыңды зерттеген дұрыс, себебі солай ғана өмірлік бағытыңды дұрыс таба аласың. Әмбебап маман қашанда сұраныста.

Айсұлу МАХСЕТОВА:

– «Есесі қайтпас еңбек жоқ, бір басты асырайтын екі қол» демекші, жұмыстың жеңілі жоқ. Бұған қоса қандай да бір жұмысты істеп жүріп, адал жолмен нан тауып жүргеніңе қысылып-қымтырылудың қажеті шамалы. Өзім университетте оқимын. Базарда анамның кәсібін дөңгелетіп, киім сатумен айналысамын. 2 дүкенім бар, жақында көтерме сауда дүкенін ашуды жоспарлап отырмын. Жұмыс істеу оқуға еш кесірін тигізбейді. «Үлгермеймін, уақытым тығыз» деп сылтау іздейтін кейбір студенттерді түсінбеймін. Ақшамды өзім табамын, отбасыма көмек беремін деген адам үшін еңбек ету қиындық тудырмайтынына сенімдімін. Ешқашан анамның, не өзімнің базарда тұратыныма ұялған емеспін. Адал еңбекпен тапқан нан әрқашан тәтті.

Нұршат НЫШАНОВА



Комфорт зонасы мен сенімсіздік көкжиегінде таптаурынды жеңіп, алға ұмтылыс жасап жүрген жастардың саны артып келеді. Бүгінгінің жастары жалынды, тепсе темір үзіп, мардымды дүниеге жасауға асық. Еңбектің кілтін тауып, мүмкіндік есігін айқара ашқан олардың ойы да жан жадыратады. «Ерте жастан еңбекке араласқанның пайдасы қандай?» деген шағын сауалнаманың қорытындысын ортаға салсақ,

Тоқты Бұл жеті күн тосын сыйға толы. Көптен көрмеген достарыңызбен ойда жоқта кездесіп қалуыңыз мүмкін.

Торпақ Жақындарыңыздан көңіл қалатын сәттер болуы мүмкін. Мойымаңыз, қателікті түсініп, дұрыс шешім қабылдай білген жөн. Қатты шаршап жүргендіктен, өмірге деген көзқарасыңыз өзгерген. Бойыңыздағы барлық күш қуатыңызды жинап, тек алға ұмтылыңыз.

Егіз Жеңіл ой мен көкіректіктен құтылуға тырысыңыз. Басында бәрі жақсы болғанымен, кез келген сәтте кері әсерін тигізуі мүмкін. Араласып жүрген адамдарыңызды жақсы танымай жатып ішкі сырыңызды ақтармаңыз.

Шаян Қиын шаруаның барлығы артта қалды. Енді тыныштықта демаласыз. Көтеріңкі көңіл-күйде болыңыз. Аптада көп күшті қажет ететін, маңызды шаруаны, ірі жобаны қолға алмаңыз.

Арыстан Аптаның ортасында ерекше тосын сыйдың иесі атанасыз. Ұзақ уақыттан бері мазалаған қаражат мәселесі шешілмек. Басшылықтың көңілінен шығу үшін берген тапсырманы дер кезінде орындаңыз.

Бикеш Бойыңыздағы зор энергия бұған дейінгі үлкен

жоспардың орындалуына ықпалын тигізеді. Маңызды шаруалардың бел ортасында жүресіз. Біраз адамдарға көмегіңіз тиіп, алғыс арқалағалы тұрсыз.

Таразы Жұмысыңызда елеулі өзгерістер болып, шеніңіз өсуі мүмкін. Қолға алған кез келген жобада олжалы болуыңыз ықтимал.


Сарышаян Осы аптада асықпай жүріп, жетістікке жетуіңіз мүмкін. Жан-жақтан келіп түскен ұсыныстарды жіті ойланып, дұрыс шешім қабылдағаныңыз абзал.

Мерген Аптаның басында денсаулығыңызға жете мән бергеніңіз жөн. Сүйіктіңізге сыйлық сыйлап, жылы лебізіңізді білдіріп тұруды ұмытпаңыз. Демалыс күндері үйде, отбасыңыздың жанында демалғаныңыз дұрыс.

Тауешкі Апта басында күш-қуатыңыз төмендеп, миға келіп түскен ақпараттарды қорыта алмай қиналуыңыз ықтимал. Барынша сабыр сақтап, айна-ланыздағы адамдармен тіл табысуға тырысу керек.

Сукүйгеш Қаржылық жағдайыңызды жақсарту үшін қолдан келгенше аянып қалмаңыз. Шектен тыс сабырсыздық сізге пайда әкелмейді.

Балық Апта басында өзге адамдардың ұсынысы мен бастамасы сіз үшін пайдалы болуы мүмкін. Жақындарыңызбен жылы қарым-қатынас орнатыңыз. Қиындыққа мойымасаңыз, әрбір бастама жемісін береді.



Кезекші редактор: З.ҚОНЫСЖАН

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ	Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10	Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz
БАС РЕДАКТОР Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ	Таралымы: 6931 Тапсырыс: 1615